

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ

Алматыда балалар жазушылары арасында ұйымдастырылған «Дарабоз» 11-ші халықаралық байқауының жеңімпаздары белгілі болды. Қазылар алқасының таңдауы бойынша байқаудың Гран-при жүлдесі мен 1 млн теңге сыйақысын жазушы Салықбай Әбілдабек жеңіп алды. Бірінші орын және 700 мың теңге Нұрбек Нұржанға бұйырды. Екінші орын алған жазушы Ақылбек Шаяхметке 500 мың теңге табыс етілді. Үшінші орын алған Маркиза Базарбайқызы 300 мың теңгені иеленді. Сонымен қатар, қазылар алқасы қатысушылардың бірі – жазушы Қастек Баянбайұлын «Балалар әдебиетін дамытуға сіңірген еңбегі үшін» деп аталатын арнайы жүлдесімен марапаттады. Байқаудың жалпы жүлде қоры - 2 750 000 теңге. «Дарабоз» байқауын біз бұдан 11 жыл бұрын бастап едік. Оны жүзеге асыруға жазушы Шәкен Күмісбаев орасан зор үлес қосты. 11 жыл ішінде байқауға қатысуға 4 500-ға жуық өтінімдер келіп түсіпті. Мен бұл жерде балалар үшін еңбек етіп жатқан қатысушыларымызға шексіз алғысымды білдіремін. Біздің жетістіктеріміз бір жағынан жақсы жазылған кітаптарды оқығанымызға байланысты. Сондықтан, сіздердің еңбектеріңіз – өте маңызды еңбектер. Балалар және балалар әдебиеті – бұл еліміздің болашағы», – деді өз сөзінде меценат Бауыржан Оспанов.

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Бейбіт Атамқұлов мырзаға

ҚАЗЫНАЛЫ ӨЛКЕДЕН ШЫҚҚАН ҚАЛАМҒЕРЛЕР АТАУСЫЗ ҚАЛЫП БАРАДЫ

ҚҰРМЕТТІ БЕЙБІТ БӘКІРҰЛЫ!

Оңтүстік Қазақстан өлкесі ежелден қазақ ұлтының ұйытқысы болып еліміз бойынша халық ең көп шоғырланған түркі халықтарының алтын бесігі, қара шаңырағы, атамекені саналған. Бұл ата-бабаларымызға құт болған қасиетті мекенде небір әулие-әнбиелер, мұсылман жұртшылығы тәу ететін Баба Түкті Шашты Әзіз әулие, Сайрамдағы сансыз бабтар, Арыстан бап, Қожа Ахмет Иассауи сынды ұлы тұлғалар жатыр. Өркениет ошағы саналған Отырар, Сайрам, Шымкент, Созақ және т.б. шаһарлар осы өлкеде орналасқан. Халқының саны жағынан Моңғолия сияқты мемлекетпен пара-пар Оңтүстік аймағы ежелден-ақ мәдениет, білім, ғылым, дәстүрлі өнер орталығына айналғаны бекерден бекер емес.

Осы өңірде қазақ мәдениеті, әдебиеті мен өнерінің дамуына аса зор үлес қосқан халқымыздың талай-талай маркасқалары дүниеге келді.

Елбасы көтерген қазақстандық патриотизм мен Мәңгілік ел идеясын насихаттап, жастардың бойында отансүйгіштік қасиет тәрбиелеп, қалыптастыруға негіз болатын Оңтүстіктен шыққан қалам қайраткерлерінің шығармалары осы уақытқа дейін жүйеленіп жарыққа шыққан жоқ.

Республикамыздың барлық дерлік облыстарында бұл бағыттағы өнегелі іс-шаралар жүзеге асырылды. Қызылорда облысында «Сыр кітапханасы» аясында 200-ге тарта кітап шықты. Маңғыстау, Атырау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстары сол өңірден түлеген ақын-жазушылардың туындыларын облыс әкімшілігінің тікелей қолдауымен басып шығарып, елдің рухани игілігіне ұсынды. Осындай жақсы өнегелі іс біздің Оңтүстік Қазақстанда лайықты деңгейде қолға алынып, тиісті дәрежеде жүзеге асырыла алмай келе жатқаны біздерді – қаламгерлерді қатты алаңдатады. Себебі тіліміздің тазалығын, мәдениетіміздің мәйегін, дәстүріміздің сабақтастығын сақтап, халқымыздың санын да сапасын арттырып отырған қазыналы өлкеден шыққан қаламгерлер атаусыз қалып барады.

2010 жылдан бастап Шымкентте «Қазыналы Оңтүстік» деген серияны айдар етіп, оңтүстік өңіріне тікелей қатысы жоқ мұралардың талғаусыз әрі талғамсыз шығарылып жатқанын біреу білсе, біреу білмейді. Соншама олар суранасықа ие ме? Ол жағын саралап жатқан ешкім жоқ, бұл қоғамдық жұртшылықтан құпия болып келе жатқаны қалай, ал редакциялық алқа мүшелерінің өзі ненің шығып жатқанынан бейхабар секілді. Одан Оңтүстік қаламгерлері де хабарсыз, өйткені оқырманның сынына ұшырап қалмас үшін Ұлттық кітапхана қорына да міндетті табыс етілетін даналары берілмеген. Бірнеше жылдан бері шығып жатқан бұл кітаптар сондықтан да Ұлттық кітапханада да жоқ. Оқырман ол мұралармен таныса алмайды. Неге? Біріншіден, осы серияны негіздеп, жетекшілік етіп отырған азаматтардың жұмысында жұртшылықты қатты алаңдатып отырған үлкен олқылық бар деп есептейміз. Серияның аты «Қазыналы Оңтүстік» аталғанымен, оның заты оңтүстікке қатысы жоқ. Осы

серияны ұйымдастырушылар Оңтүстік өңіріне мүлде қатысы жоқ қайдағы бір негізделмеген ғылыми жобаны жасап, жоқ-барды талғаусыз жинап, керек пе, жоқ па, оны да жөнсіздікпен негіздеп, қажетсіз кітап нөпірін тасқындату үстінде.

Жамбыл Жабаев ұстаз тұтқан Майлықожа мен Құлыншақ есімдері жұртшылық жүрегінде. Небәрі 23 жыл ғана өмір сүріп, жүлдыздай жарқырап, ұлт әдебиетінде сирек құбылысқа айналған жастық пен махаббат жыршысы С.Ерубаев, көрнекті жазушы Т.Әлімқұлов, С.Бақбергенов, С.Адамбеков, ақын Т.Бердияров, З.Қалауова, әдебиетші Б.Кенжебаев, Р.Бердіқұлов сынды республика, ТМД елдеріне белгілі жазушылар шыққан өлке.

Тәуелсіздігімізге 25 жыл толды, бұл бір жаңа ұрпақ ауысатын мезгіл. Кейінгі жастар XIX-XX ғасырлар көгінде әдебиетіміздің керегесін көтерген ақын-жазушыларды біле бермейді, олардың есімдері біртіндеп ұмытыла бастағаны көңілге қаяу түсіріп, жанымызға батады. Шығармаларын кезінде миллиондаған оқырман оқып, үлгі-өнеге, тәрбие алған аға буын жазушылар осылай ұмытылып қала бере ме?

«Қазыналы Оңтүстік» сериясының ниеті дұрыс, құптарлық десек те, бірақ мақсат-мүддесі, атқарып жатқан істері уақыт талабына, Елбасының жүктеп отырған міндеттерге жауап бере алмайды. Үлкен мақсатты көздеуге тиіс жоба шағын бір топтың қаржылық қажетін қамтамасыз ететін күйі тіршіліктің көзіне айналып кеткені өкінішті. Бұл топ серияның атын бүркемелеу болып табылады.

Бізгемәлімболыпотырғандай,«қазақжеріндедүниеге келген ертедегі ата-бабаларымыз жазған теологиялық, философиялық, фольклорлық, мифологиялық, тарихи жырлар, қисса-дастандар, дүниетанымдық кітаптар, ақындар айтысы, өнер түрлерін зерттеу» жобаның міндеті екен. Мұндай жобаны Әдебиет және өнер институты жасаған болса, ол түсінікті болар еді, себебі онда ғылыми, білікті мамандар бар, бұл жұмысты ғылыми бағытта атқара алады. Оңтүстік Қазақстан әкімшілігінің Мәдениет басқармасы өзінің міндетіне кірмейтін мұндай республикалық деңгейде атқарылатын жұмысты қалай жүзеге асырмақ? Бұл ауқымды жоба – Халықаралық Түрік академиясының да мүмкіндігіне ауыр сын. Облыс үшін бұл жоба Елбасының 2003 жылы қабылдаған «Мәдени мұра» бағдарламасымен бәсекеге түсу болмай ма? «Мәдени мұра» бағдарламасының кіші көшірмесін оңтүстік өңіріңде іске асыру – пысықайлардың ойлап тапқан, дұрысы «көшірме» жобасы болып шыққан.

Бұл жобадағы шығатын материалдар тиісті салалар бойынша көбісі жарық көрген, көп томдық ақындар айтысы да, батырлар жыры да үсті-үстіне жарық көргені жауапкершілік жүгін жеңілдетеді. (Бұларды қайталап басу жобаның міндетіне кіретін мәселе емес).

«Қазыналы Оңтүстік» сериясы бойынша шыққан басылымдардың ең маңызды деген бетке ұстар кітаптары мысалының бірі – Шейх Ахмет Құдайдад Тарази. «Көркем сөз өнері», 3 том. Бұл – шағатай тілінде жазылған ортағасырлық жазба ескерткіш. Өзбекстанда

жарық көрген. Ал, қазақ тіліндегі басылым сауатсыз тәржімеленгені сондай оқуға келмейді, И.Жеменей бұл шығарманы аударма алмаған, сапасыз, оқушыны шатастыратын дүниеге айналдырған, пайдалануға жарамайды. М.Х.Дулатидің «Жаһаннамасы» XIV ғасыр емес, XVI ғасыр мұрасы («Білім» баспасы шығарған). «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша да басылған. Аудармасы жасалынбаған жолма-жол аударманы үшінші рет не үшін басқан?

М.Х.Дулат (Дулатиді әдейі бұрмалайды) «Тарих-и Рашиди» парсы тіліндегі текстологиясы 61, 62, 63 томдар. Бұл текстология жөнінде Иранның Исфахан университетінің проф. Әли Мұхаммад Асиебади 16 бет рецензия жазып, кітаптың әр бетінде кеткен 30-40 қатесін көрсетіп, «кітапты парсы тілін білмейтін кездейсоқ, маман емес адам дайындаған, ізденушілер мен зерттеушілердің пайдалануына жарамайды» деген қорытынды жасағаны бар.

Оңтүстіктен шығып халқымыздың алдында еңбегі сіңіп, азаматтық міндеттерін адал атқарып, өткен ақын-жазушылардың мұраларын жариялап, жастарды тәрбиелеуді көздеудің орнына М.Мырзахметов жетекшілік еткен топ Оңтүстікке тікелей қатысы жоқ жарияланымдарды басып, онсыз датапшы қаржыны уақыт міндетіне сай келмейтін жобаман талан-таражға салып жатқан жоқ па? (Ал басылып шыққан кітаптар қатеге толы, тіпті сын көтермейді, оның үстіне полиграфиялық безендірілуі де өте төмен). М.Мырзахметовтың бұл кітаптардың еш болмаса аннотациясын да, мазмұнын да оқымайтындай, оны бастысы бюджет қаржысы ғана қызықтыратындай.

Кітап шығарумен айналысып отырған топтың кәсіби деңгейінің төмендігін жарық көрген кітаптардың сауатсыздығына қарап байқауға болады, әрине. М.Мырзахметов жетекшілік ететін бұл жобаны комиссия тексеріп, қайта қарауы қажет деп санаймыз. Сонымен қатар кітаптардың таралуы мен насихатталуы да күдік туғызады. Бұлар Оңтүстіктің рухани бет-бейнесін, келбетін, бай рухани мәдениетін көрсете алмайды. Сондықтан біздер – зиялы қауым өкілдері, осы серия бойынша шығып жатқан кітаптардың қаржыландыру тоқтатылып, бұл істі уақыт талабына сай атқару үшін арнайы шығармашылық топ өкілдерін қатыстыра отырып Комиссия құру қажет деп санаймыз.

Д.Исабеков, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. Т.Медетбеков, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты. С.Нарымбетов, прозаик, кинорежиссер, Мемлекеттік сыйлықтың иегері. Аян Нысаналин, ақын. Қ.Бегманов, ақын, «Дәстүр» журналының бас редакторы. М.Ерімбетов, ақын. «Мырзашөл» журналының бас редакторы. Б.Шарақымбай, ақын.

ЕЛ СЕНІМІНДЕГІ ДЕПУТАТ ЖУРНАЛИСТ

«Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды «Мәңгілік ел ету. Біз бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз!» – деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев сөзі – бүгінде әрбір қазақстандықтың сенімі. Сондай сеніммен ел бақытына ерен қызмет етіп жүрген азаматтардың бірі – Мырза-Ғали Эльмира ИНИЯТҚЫЗЫ.



Мырза-Ғали Эльмира Иниятқызы 1980 жылы Жамбыл облысында дүниеге келген. 1997 жылы орта мектепті үздік бітіргеннен кейін, М.Х.Дулати атындағы ТарМУ-ға оқуға түсті, осы оқу орнының қабырғасында магистратураны да тәмамдап, оқытушылық қызмет атқарды. Ал 2005 жылдан бастап көпшілік оны облыстық телеарнаның журналисі ретінде таниды. 2006 жылдан бері облыстық радионы басқарса, сол жылдың тамыз айында қалалық «Жамбыл-Тараз» газетіне бас редактор қызметіне тағайындалды.

Ол телеарна, радио, газетте жұмыс істеу арқылы халықтың, қала тұрғындарының тыныс-тіршілігімен етене таныс. Эльмира Иниятқызы 2007, 2012 және 2016 жылдары төртінші, бесінші және алтыншы сайланған Тараз қалалық мәслихатының депутаты. Ел ішіндегі проблемаларды көріп, қоғамда мәселе көтеру – журналистің басты міндеті болғандықтан, халық атынан айтылған әрбір өтініш қараусыз қалған емес. Халық қалаулысы өзіне сенім білдірген сайлаушыларының тілектерін әрдайым басты назарда ұстайды.

Э.И.Мырза-Ғали – «Нұр Отан» партиясының Тараз қалалық филиалы Саяси кеңесінің және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңесінің мүшесі. Сонымен бірге «Партияның 50 тұлғасы» жобасының қатысушысы. Ал өткен жылдың аяғында «Нұр Отан» партиясының фракциясының тапсыруымен Эльмира Иниятқызына қалалық мәслихаттағы Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, су, жылу желілерін жанғырту, тұрғын үй инфрақұралымын нығайту жөніндегі комиссиясын басқару жүктелген болатын.

2015 жылы қыркүйек айында облыстық ата-аналар конференциясында облыстық ата-аналар қауымы Кеңесінің төрағасы болып сайланды.

«Қай істі қолға алсам да, белді бекем буып кіріскеннен кейін, менің басты ұстанымым – адалдықпен аяғына жеткізу. Ал мойныңа артқан жүгің халықтың сенімі, оқырмандардың үміті болған соң, қажыр-қайратыңды еселеп жұмсау керек деп есептеймін», – дейді ол.

Эльмира Иниятқызының еліне деген еңбегіне ақындардың да жырлары арналды. Солардың бірі – жергілікті ақын Мақұлбек Жанәліұлының өлеңін ұсынып отырмыз.

Сәбит Дүйсебаев, Жамбыл облысы Жуалы ауданының Құрметті азаматы.

Жамбыл-Тараз газетінің бас редакторы Мырза-Ғали Эльмира Иниятқызын үшінші рет қатарынан «ел қалаулысы» болуымен құттықтап, өнерде жанып, еңбекте тасып, табысты боп, оқырмандарын қуанта берсін деп, өмірде бақыт тілеймін!

Арайлы ай келбетің ашық қандай, Айналаң күн көзіңнен ашылғандай. Қоғамды алға тартқан көшбасшы ару, Өлеңге іздегенім табылғандай.

Гүл кешкен он сегізін сақтаған қыз, Депутат боп сенімді ақтаған қыз, Адам сүйген, білімді, парасатты, Сайлаушылар жақтаған, мақтаған қыз.

Әдеппен сүйінгенің білінбейді, Жай ғана жылы жанар күлімдейді. Қаламың ізі жарық жарқырыған, Аспанына мұң бұлтты ілінбейді.

Көктемнің шуағындай нұр шашасың, Көсемсөзбен ізгілік жол ашасың. Сабырмен қуат құйып, қайрат беріп, Жақсылыққа халқыңмен бір басасың.

Өнерде су жорғадай есілесің, Мерейін ел-жұртыңның өсіресің. Эльмира, жаралғансың молайтуға Тілекші әлеуметтің несібесін.

Сегіз қырлы, бір сырлы сипатың бар. Өлкемізге танымал ер атың бар. «Мәңгілік Ел» жолыңда талабыңа Құдайым бола көрсін бір өзі жар.

Ардагер ағалар атынан Мақұлбек ЖАНӘЛІҰЛЫ

Тараз қаласы

ЕРЛАН ҚАРИНҒА ҮШБУ ХАТ

2-бет

АДАМГЕРШІЛІК ІЛІМІ ЖАЙЛЫ

3-бет

БАҚЫТ ІЗДЕГІ САНДАЛЫН ЖҮР БАР АДАМ...

5-бет

ӘЙЕЛ ДЕГЕН КІМ?

7-бет



ЕРЛАН ҚАРИНҒА ҮШБҮ ХАТ

Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры Ерлан Қарин елімізде ВКонтакте әлеуметтік желісін мүлдем бұғаттап тастауды ұсынған болатын. Осыған орай, «Ақиқат» журналының Бас редакторы Аманхан Әлімұлы өзінің фейбуктегі парақшасында үшбу хат жазды.

«Ерлан мырза, әлемдік адамзат ақыл-ойының жемісін әрі өркениет көрсеткішін жауып үлгі көрсетпеу керек, қайта оны пайдалану мәдениетін үйретіп, жалпы, құралдың (бұл жерде Әлеуметтік желіні құрал деп түсінейік) жаман болмайтынын, оны пайдалана білмейтін білімсіз, біліксіз адамның жаман болатынын айтып, жазып, ойға да бойға да сіңіру керек те, Өз тарапыңыздан со бағыт-бағдарда, ұстанымда жақсы үлгі көрсетуге тиістісіз. Сіз өзіңізді оқыған, саясаткер адам санайтын азаматсыз. Керкетті, кертартпалық Сізге жараспайды. Әлемдік өркениет - адам ойының озық үлгісінен, тиімді де пайдалы ақыл-ой жемісінен тұрады.Біз соған қол жеткізіп, өзіміз де соған үлес қосуымыз керек. Егер, Сіз оның пайдасын, жемісін, жақсылығын көруді қаламасаңыз, өзгеге кедергі жасамаңыз. Бұл жақсы құрал, сол жақсы құралды пайдалана білмей, оның пайдалану мәдениеті меніс-әрекеттік,байланыстық қадыр-қасиетін сезіп-білмейтіндер қазақты кері тартады. Әлемдік өркениет жемісінің қызығын, пайдасын көруден жеріндіреді. Оны құбыжық көрсетеді. Әлеуметтік желі БАҚ-ның озық үлгісі. Бүкіл әлем пайдаланып отырған құрал.”Өткенді (тарихты) пистолетпен атсаңыз, өткен Сізді пушкамен атады” дегенге саятын қанатты сөз бар. Сондықтан, Сіз адамзаттың ақыл-ойының жемісі, озық өркениеттің көрінісі Әлеуметтік желіні пистолетпен атсаңыз, ол Сізді пушкамен атады. Оның күш-құдіреті сонда. Қазіргі Сіздің жақсылы-жаманды, азды-көпті, барлы-жоқты жинаған беделіңіз сол БАҚ-ның озық үлгілерінің жемісі.

Сондықтан, Әлеуметтік желіні пайдалана алмайтын, пайдалану мәдениетін білмейтін білімсіз де біліксіздер үшін, қалған қазақ қоғамын кертартпаңыз, кертартпалық көрсетпей айтқан сөзіңізді қайта алыңыз. Сәлеммен Аманхан Әлімұлы», - дейді танымал әдебиет сыншысы.

Аманхан Әлімұлы,
«Ақиқат» журналының Бас редакторы



БИЗНЕСТІ ӨРКЕНДЕТУ ШАРТТАРЫ



Кіші және орта бизнесті өркендету – кез келген мемлекет экономикасының негізі. Кіші және орта кәсіпкерліксіз мемлекеттердің макроэкономикалық жағдайы туралы сөз айтудың өзі қиын. Тәуелсіздік таңы атқан мезетте еліміз үшін кіші және орта бизнес экономиканың маңызды саласы ретінде айқындалды.

Қазақстан дамыған елдердің табысты тәжірибесін қабылдап, оның механизмін іске асыруды, яғни бизнес үшін мемлекеттік қолдау білдіруді Үкіметіміз өз қолына алды. Бизнеске жан-жақты қолдау көрсету мемлекеттік саясаттың басты ұстанымына айналды.

Кіші және орта бизнес экономиканың дамуына үлкен үлес қосады, өйткені оның арқасында ұлттық қордың айрықша бөлігі құралады, жаңа жұмыс орындары пайда болып, өндіріс пен қызметтің жаңа салалары қалыптасады, тың аумақтарды игеру іске асады. Н.Ә.Назарбаевтың

тұжырымдамалы-бағдарламалық еңбегінің негіздері «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында» айқын көрсетілген.

Атқарушы мемлекеттік органдар үкіметіміз құрып жатқан мемлекетаралық қарым-қатынастар идеологиясы мен кәсіпкерліктің негізгі тетігі болып табылады. Кәсіпкерлікті дамыту – экономиканың табысты реформалаудың басты шарты, кәсіпкерлікті құру мен өркендету – халық пен ел шаруашылығының нарықты экономикаға өтуінің негізгі дайындығын іске асырады. Бизнеске қолдау көрсету үшін үкімет салықтық жауапкершілікті жеңілдетіп, жекеменшік пен активтерді заңдастырады.

Бүкіләлемдік Банктің жаңа есебіне сәйкес, Қазақстан 53-ші орыннан 41-орынға көтерілді. Алайда мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев алдымызға міндет қойды – республикамыз халықаралық рейтинг көшін бастаған 30 елдің қатарына шығуы керек. Соған орай жер телімдерін заңдастыру жұмысы ықшамдалды, өндіріс орындарын тіркеу кезінде экологиялық нормалар талаптарын төмендетіп, тіпті, қоршаған ортаға әсер етуі жағдайын тексеруді мүлде алып тастады. Қазақстанда кіші-орта бизнесті есепке қою талаптары алынып тасталды, оның ішінде жылжымайтын мүлікке құқығын тіркеу кезінде барлық шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін техникалық төлқұжат бастыру ісі де бар. Кешенді құрылыстық сараптамадан өтуге мүмкіндік ашатын «Бір терезе» принципі ендіріліп, экологиялық және өндірістік қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиялық қадағалаудың көшірме сараптамаларын алу қысқартылды.

«Doing Business» порталы құрылып, жүйелі жұмыс істеуде. Аталған порталда Қазақстанның рейтинг көрсеткішін жақсарту аясында қабылданған заңдар орналастырылған. «Doing Business» рейтингі тұтасымен кәсіпкерліктің бүкіл тыныс-тіршілігін саралауға мүмкіндік береді, яғни кәсіпорынның ашылуынан бастап жабылуына дейінгі барлық мәліметті жыл сайын жаңартып ұсынып, баяндамалар мен сайтта жариялайды. Біздің Республикада бизнестің ахуалына үлкен мән беріледі. Әрине, Үкіметіміздің, бизнесмендер мен ел азаматтарының күш-жігері арқасында. Бұл міндет ең алдымен қазақстандықтардың өмірін жақсартуға бағытталған.

Ксения КИСЛОВА,

Алматы қаласы дуэзов аудандық
Әділет Басқармасының инспекторы

«АСЫҚ АТУ» — ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚ ОЙЫНЫ

Жуырда елімізде «Асық ату» ұлттық федерациясы құрылды. Жағымды жаңалық «мен қазақпын» деген әр қазақтың жүрегіне қуаныш ұялатқаны рас. «Асық ату» ұлттық федерациясының басшысы болып Мұрат Әбдуламитұлы сайланды. Мұндай игі бастаманы қолға алуға не түрткі болды, федерацияның басты мақсаты не?

Міне, осындай бірқатар ақпаратпен бөлісу үшін «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ өнер және спорт әдебиеттері бөлімінің қызметкерлері насихат-шара өткізді. Шара кітапхана оқырмандары мен қызметкерлері үшін ұйымдастырылды. Шараға ҚР-на ерекше еңбек сіңірген дербес зейнеткер, тыл ардагері, Бостандық ауданы ардагерлер кеңесі және аудандық ардагерлер кеңесі спорт комиссиясының төрағасы, «Ардагерлерден өнеге» атты клубтың ұйымдастырушысы және оның жетекшісі Сейітов Қабиболла аға қонақ болып келіп, өз ойымен бөлісті.

Қабиболла ағаның айтуы бойынша, «Асық ату» ойынын насихаттауда бірінші мақсат, ұлттық спорт түрлерін дамыту, соның ішінде асықты спорт ретінде әлемге таныту. Кейбіреулер асықты кәдімгі балалардың сыртта ойнайтын ойыны немесе уақыт өткізетін, бұрыннан қалған ойын деп ескіше қабылдайды. Біле білсек, бұл – нағыз қажетті спорттың бір түрі. Асық ойнау, біріншіден, денені шынықтырады, екіншіден адамға барлық дене құрылысының дұрыс дамуына мүмкіндік береді. Асық ойнаған адамда ептілік, мергендік, ұстамдылық пайда болады. Бұл жеке адамға беретін пайдасы. Ал, егер топтасып ойнайтын болса, ол ұйымшылдыққа, белгілі бір мәселені бірлесіп шешуге үйретеді.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе», – деген екен Алаш ағартушысы Мағжан Жұмабаев. Қазақтың ұлттық ойындарының ең алғашқы сатысы деп халқымыздың салт-дәстүрі мен мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде әуелі асықты айтамыз. Асық малдың жіліктерін жалғастырып тұратын шағын сүйек қана емес, ұрпақ тәрбиесінің аса қажетті құралы. Сондай-ақ, ұлттық ойынның атасы ғана емес, халықтың өткені мен бүгінгісінің көрінісі. Өйткені ертеде қазақ баласы қолына ең алғаш асық ұстаған. Сөйте тұра, бүгінде осы асылымыз ұлттық мейрамдарда еске түсетін атрибутқа, көрмелерде көрсетілетін жәдігерге айналды. Тіпті, бүгінгі жастар мен жасөспірімдер асықты архаизм деп есептейді.

Кезінде қазақтың қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы «Асық – үлкен халықтық тәрбие. Ұлтымыздың дәстүрі мен мәдениетінің бастауы», – деп баға берген еді.

Керек десеңіз, бүгінде этнографтар мен мәдениеттанушылар асық ойының феноменін зерттеу үстінде. Себебі, халық шығармашылығынан туған асық ойынының астарлы мағынасы, ұрпаққа жеткізер ақпараттық күші, коды болған. Мәселен, этнограф ғалым Бекет Қарашин былай дейді: «Асық ойынының негізінде тылсым символдар мен кодтар, шартты белгілер жатыр. Өткен күннің белгілері бар. Сол белгілерді тауып, жарыққа шығарсақ қана біз өзіміздің түп тегіміздің салт-дәстүрін,



дүниетанымын, олар кезінде нені аңсағанын ұғар едік – деп Қабиболла аға әңгімесін аяқтады.

Шараға қатысушы кітапхананың тұрақты оқырманы, кітапхана жанынан ашылған «Өнер өрімдері» клубының меңгерушісі, ақын Тоқтаған Әбетхан аға әңгімені әрі қарай жалғады. Қазір жаһанданып жатқан кезеңде еліміз барлық мемлекетпен тікелей қарым-қатынаста. Осындайда қазақ деген халықтың жоғалып кетпеуі үшін, өзімізді сақтау үшін, төл өнерімізді дамытып, салт-дәстүрлерімізге, өз құндылықтарымызға берік болуымыз қажет. Біз тілге де, өнерге де, мәдениетке де бай халықпыз, осы жәдігерлерімізді сақтай білейік, ағайын – деп Әбетхан аға әңгімені өрбітті.

Насихат-шара Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары - 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамның «Біртектілік пен бірлік» атты 4-ші бағытының 87-ші қадамы - азаматтық біртектілікті нығайтудың «Менің елім» кең көлемді ұлттық жобасын қамтыды.

Захра МАХАНОВА,

«Зағип және нашар көретін азаматтарға
арналған республикалық кітапхана»
республикалық мемлекеттік мекемесінің
өнер және спорт әдебиеттері
бөлімінің қызметкері



КӨК ТУЫМ, ЖЕЛЫРЕЙ БЕР МӘҢГІЛІК!

Естігенде көк аспанның астында, Тік тұрындар айтылғанда днұран. Бар қазақтың үніңдей шарықта! Шарықташы, днұраным, шарықта! – деген жалынды жырмен басталды Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада өткен Қазақ елінің мемлекеттік рәміздер күніне арналған концерттік бағдарлама. Жас әнші Ержан Дүйсембиевтің жан-жүрегіңді елжіретер «Көк тудың желбірегені» әні орындалған соң жүргізуші бұл күннің тарихына тоқталып өтті.

1992 жылғы маусымның 4-де тәуелсіз Қазақстанның жаңа мемлекеттік рәміздері алғаш рет бекітілді. Бұл күн ел тарихында жаңа мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталады. Мемлекеттік рәміздер - мемлекеттің мығымас негіздерінің бірі. Мемлекеттік Ту, Мемлекеттік Елтаңба және Мемлекеттік днұран мемлекетіміздің негізгі рәміздері.

Көгілдір түсті туымыз бен ортасында шаңырақ бейнесіндегі алтын сәулелі күн орныққан елтаңбамыз бүкіл әлемге Қазақстан Республикасы аталатын жаңа тәуелсіз Мемлекет бейнесін паш етіп тұр. 1992 жылы суретші Шәкен Ниязбеков салған Мемлекеттік ту бекітілді. Егемен Қазақстанның бүгінгі Елтаңбасы – екі танымал сәулетші Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлихановтың қыруар еңбегінің жемісі. 1992 жылы республикамыз әнұранның әні мен мәтініне конкурс жарияланды. Тұңғыш Қазақстан әнұран әнінің авторлары - Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский мен Латиф Хамиди. 2006 жылы халық арасында кең танымал патриоттық ән «Менің Қазақстаным» жаңа днұран негізіне айналды. Қазақстан Республикасы жаңа Мемлекеттік әнұранның авторлары - Шәмші Қалдаяқов, Жүмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекеттік рәміздер күнін қазақстандықтар асқан патриоттық сезіммен мерекелейді. Ел болашағының шамшырағына айналған «100 нақты қадам» ұлттық жоспарының 85-қадамы «МӘНГІЛІК ЕЛ» патриоттық жобасын әзірлеу аясында ұйымдастырылған бұл шараға оқырмандар белсене қатысты. Атап айтқанда, Зоя Бухтиярова «Біздің днұран» өлеңін мәнерлеп оқып, Назымхан Абдрахманова «Туған жер» әнімен шашу шашты. Туған жеріміз, Отанымыз – Қазақстан мәңгі жасай берсін деген ізгі тілекпен «Соловыи Алатау» орыс хоры «Қазақ жері» әнін жүрекке жеткізе орындады. Ал «Ата мұра» ансамблі Құрманғазының «Балбырауын» күйін күмбірлетіп, туған жеріміздің кеңдігі мен жасампаздығын паш еткендей болды. Талантты әнші Бәтима Полищук Роза Әлқожаның «Атамекен» әнін сызылта шырқаса, көмейіне бүлбұл қонақтаған Светлана Токабаева «Туған өлке» әнімен көңілді тербетті.

Қазақстан – жүзден аса ұлт пен ұлыстың тату мекені. Мұны оқырмандар Марфа Глущенко, Вера Станикова, Галина Мырнова мәнерлеп оқыған патриоттық өлеңдер айғақтай түсті.

Мерекелік бағдарлама «Насихат» МКҚК директорының орынбасары Ғазизхан Әділхановтың орындауындағы Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен қорытындыланды.

Күміс ДАРСАЛЯМОВА,
кітапханашы

БАСТЫ БАЗАРЛЫҚ - КІТАП



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай Алматыдағы Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған Республикалық кітапханасында жас балғын оқырмандар үшін жазғы оқу лагері ашылып, қарымды қаламгер және шебер сиқыршы ағаларымен қызықты кездесу болып өтті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары - 100 қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамның «Біртектілік пен бірлік» атты 4-ші бағытының 89-ші қадамы «НҰРЛЫ БОЛАШАҚ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыруды көздейді. Нұрлы болашаққа бет алған жас ұрпақ бойына «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу бағытында кітапханамыздың қосып жатқан үлесі аз емес. Соның бірі – балалардың жазғы оқу лагерінің ашылуы республикамызға белгілі иллюзионист Ғабдыл Камал Қоңқараев пен «Жыл он екі ай» алманах-жинағының редакторы, «Тоғанай-Т» баспасының директоры, кітапханамыздың жанашыры, жас оқырмандардың жан досы, қоғам қайраткері, жазушы Талғат Айтбайұлымен әсерлі кездесуге ұласты.

Алдымен сиқыр өнерінің тылсым құпиясымен бөлісіп, түрлі фокустарымен таңқалдырған Ғабдыл Камал ағаларына бүлдіршіндермен қоса үлкендер жағы да шын ризашылықпен қол соқты. Ал елу журналды арқалап әкеліп, балаларға базарлық ретінде таратқан Талғат Айтбайұлы: «Балалар, жатпай-тұрмай кітап оқыңдар! Кітап оқыған бала тәртіпті, тәрбиелі болып өседі. Ешқашан ұрлыққа, жаман әдеттерге баспайды. Әдепті болады. Қоғамымызға үлес қосатын абзал азаматқа айналады. Кітап – басты байлық, адамгершілік пен имандылықтың кілті. Кітап оқыңдар! Біздің Мәңгілік ел болуға, алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына қосылуға ұмтылған елімізге кітап оқитын ақылды, саналы азаматтар керек!» – деп ұлағаты жаңесін айтты.

Балалар ән салып, би биледі. Кітапқа деген сүйіспеншіліктері, өрімтал өнерлері үшін барлық балғынға кітапшалар, журналдар, сыйлықтар мен тәттілер үлестірілді.

Талап ҚАРАШ,
оқырман

«ТҮНЕКТЕН ОРАЛҒАН ЕСІМДЕРДІҢ» ТҰСАУЖЕСЕРІ



Алматыдағы Ұлттық кітапханада жазушы, публицист, ғалым Бейбіт Қойшыбаевтың жақында «Рух БГ» баспасынан жарық көрген «Түнектен оралған есімдер» атты төрт томдық жинағының тұсаукесер рәсімі өтті.

Сталиндік репрессиялар құрбандары жайындағы төрт томдық жинақтың «Төрт күлік» деп аталатын алғашқы кітабы қазақтың тұңғыш ұлттық мемлекеті ретінде құрылған «Алаш-Орда» Халық Кеңесінің төрағасы Әлихан Бөкейханов, екі жылдай республикалық режимде жұмыс істеген Батыс Алаш-Орданың төрағасы Жаһаншаһ Досмұхамедов, Түркістан жұмхриятының премьер-министрі, қазақ саяси эмиграциясының көрнекті өкілі, күллі түркі халықтары азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі Мұстафа Шоқай және Сауди Арабстанда кеңес дәуірінде тұңғыш совет елшісі болған

Нәзір Төреқұлов сынды қайраткерлердің өмірі мен қызметін көрсетуге арналған. «Іргетас» атты екінші кітап бірінші орыс революциясы жылдары Мемлекеттік дума мінберінен патша үкіметінің отаршылдық әрекеттерінің астарын әшкерелеп, империя жер саясатын тұңғыш және жеке-дара сынаған Бақытжан Қаратаев, алғашқы Түркістан автономиясының басшы қызметкерлері Серәлі Лапин, Қоңырқожа Қожықов, қазақ азаттық қозғалысының белсенді өкілдері Ахмет Бірімжанов, Шәймерден Қосшығұлов, Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов, Елеусін Бұйрин, Жақып Ақбаев, Абылай Серғазиев, Төреқұл Жанұзақов жайында сыр шертеді. «Үш пері» деп аталған үшінші кітап кеңестік қазақ саясаткерлері арасындағы аса ірі тұлғалар Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Садұақосов туралы әңгімелейді. «Қабырға» атты төртінші кітапқаавтордың республика үкіметінің басшысы Ораз Исаев,сондай-ақ мемлекет, әдебиет және мәдениет қайраткерлері Санжар Асфендияров, Мағжан Жұмабаев, Қошке Кемеңгеров, Дінше Әділов, Сұлтан Сегізбаев, Жанайдар Садуақасов, Левон Мирзоян, Ғабдұлхәкім Бөкейханов, Темірбек Жүргенов жөніндегі зерттеу мақалалары топтастырылған.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні қарсаңында өткізілген бұл іс-шараны Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Хангелді Әбжанов пен «Арыс» баспасының директоры, филология ғылымдарының докторы Ғарифолла Әнес жүргізіп отырды. Олар кеңестік дәуірдегі билеуші партия қайта құру саясатын жария етісімен тарихтағы «ақтаңдақтарды» зерттеумен шұғылдана бастаған Бейбіт Қойшыбаевтың содан бергі отыз шақты жыл ішінде елеулі іс тындырғанын атап айтты. Оқырманға ұсынылып отырған аталмыш төрт томдықтың мәні мен маңызын



әңгімелей келіп, оның тарих үшін зор бағалы еңбек екеніне назар аударды. Ал автор өз сөзінде зерттеулерін қайта құру жылдары шаңырақ көтерген «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы идеяларымен байланыстыра жүргізгенін, ізденістерін тереңдете келе, жекелеген қайраткерлер жайында түрлі деректі туындылар, Алаш қозғалысы жөнінде кең тынысты «Алаш жолы» рисәләсін жазғанын әңгімелейді. Жиынға қатысқан қоғам қайраткерлері, тарихшылар, қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары жазушы Б.Қойшыбаевтың халқымыздың басына түскен қайғылы да күрделі кезең шындығын ашудағы елеулі жұмыстарына ризашылықтарын білдірді. Ардагерлер Илиясұлы Саят Жансүгіров, Клара Асылбекқызы Сейітова,Әли Оразұлы Жандосов, Марат Садықұлы Нұрпейісов, сондай-ақ тарихшы-ғалым Әлімғазы Дәулетхан, қоғам қайраткерлері Молдағали Матқан, Болат Дүйсенбі, журналистер Көлбай Адырбекұлы, Ермек Зәңгіров, дәрігер Камел Құлмағамбетов, оқытушы Аманбай Ахметов, басқа да қатысушылар қаламгердің зерттеулері жайындағыойларын ортаға салды, жастар өкілдері өз пікірлерін айтты, патриоттық тақырыптағы өлеңдерін оқыды.

Балжан ХАБДИНА

Өмір мен адам және осы екеуінің мәні туралы мәселе адамзат ойшылдарын әлімсақтан мазалап, толғандырып келеді. Ой соңындағы әрбір ақылды, парасатты адам ой жарысының түпкі мәресінде адам мен оның адамгершілігі тақырыбында табысып, тоғысып отырған. Әлемде ойлы адам айналысар мәселе өте көп, сөйтсе де айрықша ақылды, асыл, сара, дана жандар мәселенің өзегіне ұмтылған, адам ақылының құрығы жетер түпкі ақиқатты айтуға әрекеттенген. Біз хал-қадерімізше іздене жүріп адамзат ойшылдарының әр-әр кезең, дәуірде айтылып жүрген тұжырымдарының түпкі түйіні, құлабызы – Аристотель қорытындысында жатқанын байқадық.

Аристотельдің пікірінше, ең басты мәселе, ең биік игілік, қасиетті құндылық – ізгілік пен қайырымдылық екен. Аристотель «Үлкен этика» атты еңбегін: «...алдымен ізгілік жөнінде, оның мәні, қалай пайда болатыны жөнінде айтуымыз керек» деп бастайды. Әрине бәрінің де бастауы, әлем мен адамның Жаратушы Иесі – Құдайдың бізге беймәлім болмысы – қашанда биік, өлшеусіз әрі құдіретті. Аристотель «Құндылар деп мен Құдайдан тарайтын ең қадірлі игілікті айтамын, мысалы, жанды, ақылды, бұлар бастапқы, алғашқы принцип деуге болатын нәрселер» деп жазады. Мәселе адамзат пен оның өмірі, сол адам өмірінің мәні мен абыройы туралы болған соң, әрі барша ойдың да адамзат болмысынан туындайтынын ескерсек, осы адам болмысы әлем ойшылдары айтып, жазып, әбден бекітіп кеткеніндей, ақыл мен жан және тәннен тұратыны белгілі. Жаратушыға жақын әрі барша әлемнен биік, оқшау тұратын бекзат болмысты Ақылдың өзі жан құмары, жан қуаттары арқылы ғана өзінің асыл міндетін атқара алады. Ақылды биік, бекзат, асыл десек те, әлемдегі өсімдіктер мен жануарларға да тән, олардың да болмысын құрайтын жанның әмбебап, қолданбалы сипатын мойындауға тура келеді. Осы орайда Аристотельдің адамзат тұтынар барша игіліктерді ақылға байланыстырып айқындамай, жан мен тәнге қатысты жіктеуіне аса түсіністікпен қарауға болады. Оның үстіне адамзаттың басым бөлігі ақылды бетке алып данышпан, кемеңгер бола бермейді, бірақ жан деңгейінде аман-есен жүріп, сол жанның денсаулығын жасап, жақсы халін орнықтыратын қайырымды, ізгілікті болмыс болуға міндетті. Адамзат қауымында өзара көмек, түсіністік, қайырымдылық болмаған жағдайда олар өз болмысын жоғалтып, жануарлар деңгейіне төмендеп кетуі әбден мүмкін. Адам болу мен адам болып қалудың кепілі мен қорғанышы, өзегі мен мәні – ақыл айқындаған қайырымдылықтар. Аристотель ақиқаттың түпкі тегіне қарай ұмтылып, адамзат тұтынар игіліктерді үш топқа бөледі: «әуелгісі жанға қатысты игіліктер, олар – ақыл мен ізгіліктер, екіншісі – тәнге қатысты игіліктер, олар – денсаулық пен сұлулық, үшіншісі – жанға да, тәнге де қатысы шамалы, екеуінен де тыс тұратын игіліктер, олар – байлық, билік, мансап, ойын-сауық және сол сияқтылар». Аристотель осылардың қатарындағы жанға қатысты игіліктерді – ең жоғарғы игілік деп санайды. Оның ойынша, адамзатқа қатысты арман-мұрат пен мақсат та, баянды бақыт пен басты игілік те – қайырымдылықпен ізгі өмір сүру, яғни адам болу, адамгершілікті болу. Сөйтіп ізгілік пен қайырымдылық, адамгершілік – дін, философия, ғылым, өнер атаулы, оның ішіндегі «өнер алды - қызыл тіл» - әдебиеттің де мәңгілік әрі басты мәселесі мен тақырыбы екен. Осындай бағалы да байыпты бастауы бар адамгершілік ілімі қазақ әдебиетінде де желісін үзбей жүйелі жырланғанын байқаймыз. Адамзаттың озық ойлы дана, данышпандары ғана айта алып, ізденіс көзі еткен осы бір құретамыр тақырыпқа қазақ ақындары да жан-жақты үлес қосқан. Адамгершілік және оның негізі мен төркіні – ізгілік пен қайырымдылық – адамзат ақылы айналысар ең басты да негізгі тақырып. Ойшыл, философ ғалымдар сөз етер өзекті әрі ілімдік қалыптағы адамгершілік ілімін сол биік деңгейінен титтей де төмендетпей қазақ ақындарында да өз шығармаларында мәнін танып жырлай білгені – ұлтымыз үшін зор мақтаныш. Қай заманда да өмірді мәнді, адамды абыройлы да абзал, қоғам мен мемлекетті қуатты да құтты ететін басты тетік – адамгершілік, яғни қайырымдылық. Адамгершілікті әркез күн тәртібінен түсімей дәртіптеп, жарнамайлап насихаттап отыру – заман мен өмір талабы. Адамзатты өзге тіршілік, жан иелерінен биік те бекзат, абзал етіп әрі оны сондай асыл, әйбат қалыбында сақтап қалушы – ізгілік пен қайырымдылық.

Адамзат әлемінде ғылым мен өнердің, дін мен сопылықтың, әсіресе философия мен әдебиеттің адамнан тыс, адамға қатыссыз айтылатын мәселесі кемде-кем. Академик М.Қаратаев жазғандай, «Поэзия мен философия – бұл бөлінбейтін біртұтастық, бірақ тұтастығы сирек болғанмен олар адамгершіліктің биік шыңы мен ұлылығын өзара бөліседі. Олардың әртүрлі бағыты орта кезеңде түйіседі, мұнда ұлылықтың ұлылық тұңғығында поэзия мен философияның рухы біртұтас, бірлікте және бір-біріне кірігіп кеткен». С.Әшімбаев философияның бір саласы мораль мен әдебиеттің арақатысы туралы айта келіп, философиядағы мазмұнның әдебиетте өзіндік түр мен стиль арқылы көрініс табатынын жазады: «...әдебиет түрдің орнында болса, ал мораль мазмұнның міндетін атқарады. Әдебиетті қоғам өміріндегі кездейсоқ шындықтардың таза көркемдік айнасы деп қана қарауға болмайды. Жазушы өз шығармасында өзі өмір сүріп отырған қоғамдағы моральдық атмосфераны реалистікпен суреттеу арқылы әлеуметтік өмірдің тынысын танытады». Оның үстіне философ ғалым М.Орынбеков жазғандай, «нақты философиялық еңбектерге қалам тартқан мамандар аз болғандығымен негізгі еңбектерді әдебиетшілер, ақындар, ойшылдар, сопылар мен суниттер жазып қалдырған». Мәселен Платон, Аристотель, Плотин, Конфуций, Әл-Фараби, Ибн-Сина секілді адамзаттың аса өрелі өкілдері жазып қалдырған асыл ойларды «мұртын бұзбай, әрін кетірмей» кейінгі Ж.Баласағұн, А.Ясауи, Абай, Шәкәрім сынды ақындар да өз шығармаларында ілімдік, қағидалық қалпында көркем

тіл, әдеби стильмен жырлай білді. М.Орынбеков жазғандай, «Шығыс философиясы негізінен философиялық емес сипаттағы шығармаларға негізделген... Шығыста пайымдаудың философиялық емес қалыптарының басымдығымен бұл ұғымдар дәстүрлі текстерде көмескіленіп мәнін тереңде сақтаған». Яғни философиядағы адам мәселесі, мораль, этика қағидалары Ж.Баласағұнның жәуәнмәртлік, А.Ясауидің хал ілімі, Абайдың толық адам танымы, Шәкәрімнің ұждан, ар білімі арқылы көркем түрде бейнеленді. Мәселен Абай да, Шәкәрім де өздері жырлаған таным мен ілімнің төркіні тым тереңде жатқанын саналы түрде сезінген, анық білген. Абай «Әбдірахманға Кәкітай атынан хат» атты өлеңінде өзіне дейінгі өрелі ойға өзінің де ортақ әрі оған өз де ие болып отырған жайы барын былайша байқатып өтеді:

Кісі айтпаған сөз бар ма,
Тегіс ұғар қай құлақ?
Сөккенің оны ұнар ма,
Үйренген сөзге мен де ортақ.

Абай өзіне дейінгі ойшылдар сөзін үйреніп, соларды ғана айтып қоймай, ел түзеу, адам жөндеу қамымен өзі түйген ойларын әркез дамытып, жетілдіріп, бекіте қайталап келгенін танытады:

Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын,
Түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын.

Өлеңдері философиялық, ғылыми танымға толы Шәкәрім ақын да өзіндік «Үш анығын» айқындап түйіндеу барысында көп ізденген, өзін ақын ғана емес, ғылым өкілі ретінде танытқан. Ол ашық түрде: «менің ойымша, ескі замандарда ойламаған ой, айтылмаған сөз, істелмеген іс қалған жоқ. Бәрінің де басын олар бастап кеткен» деп, өзі айтар ойдың негізі мен төркіні бұрыннан барын мойындайды. Ақиқатты кім, қашан айтса да, ол өзінің түпкі мәні мен өзегін сақтап қалады. «Қаталы, кешегі, бұрынғы» шын секілді құбылып өзгере бермей, өзінің асыл қалпында қалу – ақиқаттың өзіне ғана тән ерекшелігі. Тек заман мен жағдай, саясат пен өзге де жайларға байланысты аз-кем, кейде көптеу «жамау салынып» түрленгені болмаса, ақиқат өзінің байырғы бар болмысын жоғалтпайды. Шәкәрім ақын ақиқаттың қадір-қасиеті мен киесін мойындап былай дейді: «біз де жоғарғы екі сұрауға өткен білімділердің сөзінен қорытып оның үстіне тұңғыш ой деп өз ойымыздан жамау салып, бөрік жасамдықпыз. Бірақ тұңғыш дегеніміз әлде қашанғы кімнің ойы болып шығарын білмеймін». Сірә, ақынның «бөрік», «тұңғыш» деп отырғаны – өзі ізденіп тапқан ар білімі, «Үш анығы» болса керек.

Адамгершілік мәселесі – адамзаттың ең әуелгі әрі мәңгілік мәнді тақырыбы. Адамзат ақыл-ойының бастауы - қытай, үнді, грек, араб-мұсылман ойшылдары мен ақындары адамгершілік жайын бір сәт те күн тәртібінен түсірмеген. Аристотельдің белгілі бір қалып, қағида, жүйеге салып, ілім ретінде дамытқан адамгершілік мәселесі қай заманда да өзекті болған. Абайдағы толық адам танымы адамзат болмысына қатысты ежелгі, көне ой, тұжырымдардан туған, яғни Абай адамзаттың ой тарихындағы ең ежелгі әрі өте ақиқат, төркінді де терең таныммен таныс болған, сондай-ақ оны өз шығармаларында желілі де жүйелі түрде дамытып жырлай білген. Адамзат болмысын құрайтын ақыл, жан, тәннен Абай насихаттаған нұрлы ақыл мен жылы жүрек және ыстық қайрат іркіліссіз әрі жүйелі жолымен туындай кеткен. Шынында да адам болмысын осы үшеуінен бөлек нәрселер құрайды деу қисынға келмейді. Адамзаттың рух пен төркіні топырақ саналатын тәннен тұратынын ғылым да, дін де терістемейді. Ал рух – біздіңше, Жаратушыдан жеткен жанды ақыл, ол тәнге де тіршілік дарытады. Адамгершілік жағынан жетілу жайын ғұлама Аристотельдің өз «Этикаларында» егжей-тегжейлі қарастырғанын білеміз. Ізгілік біздің білуімізше, Аристотельден басталатын таным бойынша, әрі әл-Фарабидің де пікірінше, жанның халі мен денсаулығы, жанда орнығатын екі кемшілікті қасиеттің орта тұсы. Аристотель мен әл-Фараби жазғандай, орта тұсты сақтау өте қиын, яғни ізгілікті, қайырымдылық болу оңай емес. Ізгілік адам жанының жақсылыққа жақын, ынтық болуынан туатын жақсы халі мен денсаулығы. Адамгершілік – барлық қаламгерлерге ортақ тақырып. Әйтсе де сол қаламгерлердің бәрі де бұрыннан айтылып келе жатқан дәстүрлі тақырып – адамгершіліктің өзіндік жүйесін, қалыбын, танымын жасай бермеген. Абайдың өзге ақын-жазушыдан бөлек болатын әрі биік көрінетін жағдайы да осы адам болу мен адамгершіліктің жүйелі жолын, өзіндік танымын жасай білуімен байланысты. Ол адамгершілікті көркемдік тұрғыда суреттеумен ғана шектелмей, оны ілім, таным, ойшылдық деңгейіне көтере жырлаған. Абай о бастағы негізін Аристотель қаласа да, кейіннен шығыста әл-Фараби бекіте түскен ғылымдар жүйесіндегі «практикалық философия» тұрғысынан толғанады. «Практикалық философия» - мемлекет пен жеке адамның игілігі мен бақытын, кемелдікке жетуін сөз ететін саясат пен этиканы қамтиды. Ұлы ойшыл әл-Фараби «Философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы» трактатында әр түрлі пікірлерді айта келіп, этиканың артықша қасиетін көре білген Теофрастың да (б.э.д. 371-286 ж.) көзқарасын келтіреді: «...Теофрастың жолын ұстағандар этикадан бастау керек деп санайды, өйткені мінез-құлқын түзей алмаған адамның

ақиқат ғылымға да қолы жетпейді дейді». Абай да – этикалық мәселені, мораль философиясын тереңдеп өз еткен ойшыл ақын. М.Әуезовтің: «Ол адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды» деген ойы ақын танымын терең танудан туған. Абай үшін ақындық қана мұрат емес, көбіне оның ақындығы – адамгершілік танымының құралы секілді. Ол өз шығармаларында белгілі бір адамгершілік қасиеттерді өзгеше ықыласпен жырлап қоймай, сонымен бірге адамгершіліктің, адам болу мен кісіліктің өзі тапқан қалыбы мен жүйесін де жасайды. Адамды тану мен адамгершіліктің мәні мен сырына үңіле түседі. Қайтсем адам атын асқақ, асыл етем деп шарқ ұрады. Жалпы, діни-философиялық ойдың даму тарихында «адам» ұғымының алатын орны орасан зор десек те, оны белгілі бір жүйеге түсіріп, тиянақты түсіндіруге көшбасы болған философ – Сократ. Абайдың толық адам туралы танымы сол Сократтан басталатын, Платон, Плотиндердегі сүюді сүйеніш, тірек еткен адам мен қытайлардың дао іліміндегі әбден жетілген адам (совешенно мудрый человек), шығыс ойшылдары, сопылық танымдағы камили инсани мен бенделіктің көмалаттығына ұмтылған адам және төркіні түркілік жәуәнмәртлік ілімімен сабақтасып, туыстасып жатады. Абайдың адамгершілікті жырлаудағы ең басты жаңалығы да осы. Абайдағы адамгершілік мәселесі құбылыс ретінде толық адам арқылы көрініп, ең түпкі мәні - махаббат пен әділет, ізгілікке дейін дамып, ұштала береді. Толық адам және оның өзегі мен негізі – махаббат, әділеттің аралығында адамгершілік қасиеттердің қыр-сыры ашыла түседі. Абай бізге Платонның жолын қуған шәкірті Плотин айтқан адамдықтың мүсіншісіндей көрінеді: «Обратись к самому себе и познай самого себя. А если ты не сможешь увидеть в себе прекрасное, то действуй так, как скульптор, который хочет сделать прекрасным свое творение: то режет, то сколбит, то шлифует и чистит до тех пор, пока не покажутся утонченные черты скульптуры». Өз топырағымызда дүниеге келген ғұлама ғалым әл-Фарабидің трактаттарында молынан сөз болатын адам болмысының кемеліне келіп жетілуі де Абайдағы толық адамның тамыр, төркінсіз емес, қайта дәстүрлі таным екенін бекіте түседі. Плотин мен әл-Фарабиге ортақ кемелділік пен өз парқынан ләззат алу танымы Абайда да бар. Тек Абай әл-Фарабидегі кемелділікті - толық адам, жүректі мекендейтін үстем күш пен талпынғыш күшті - сую түрінде танытады. Әл-Фарабидің ғылыми танымын Абай көпшілік қауымға жетуді жеңілдеу көркем әдебиет туындысы арқылы өз санасынан өткізіп барып қайта ұсынатындай көрінеді. Мәселен, әл-Фарабидің соншалықты терең толғаныстан туған мына бір түйінді танымын Абай өзінің саналы өмірі мен шығармашылығының өн бойына бірдей дарытып, өмірлік мұратына айналдырып алған: «...дене жан үшін (өмір сүреді), ал жан мінсіз жетілгендік үшін, яғни қайырымдылық болып табылатын бақыт үшін өмір сүреді, демек, жан даналық пен қайырымдылық үшін [өмір сүреді]». Әл-Фарабидің осы ойы оның өзіне ғана өзекті болып қалмай, кейінгі буын барша ойшылдың қасиетті құбылнамасына айналады. Орта ғасырдағы сопылық таным өкілдерінің шығармаларында тәнді тежеп, нәпсіні жою жайы жиі айтылады. Олар уағыздаған шексіз ізгілік пен Алланы риясыз сую әрекеті кісіні тәнті етеді. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны да соншама мол мазмұнды арқау еткенімен, негізгі айтар ойы - таным мен ізгілік атты екі арнадан табылады. Бұл екеуі – Абайға да соншалық етене жақын тақырыптар. Абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» атты монографиясында Абай шығармаларындағы таным жайын хауас арқылы, ал ізгілік сырын жүрек, жауанмәртлік, үш сую арқылы жан-жақты таратып айтқан. Абайдағы толық адам – тәнімен де, жанымен де жетілудің шыңына жетіп, кемеліне келген адам. Ақынның өмір бойғы ізденісінен туған адамгершілік таным мен кісілік қалып - осы. Абайда толық адамның мәні мен өзегіне, негізіне үйілген белгілі бір жүйе бар. Сол жүйені мынадай күйде көруге болады:

- а) толық адам: ақыл, қайрат, жүрек;
- ә) ақыл, жүрек - жәуәнмәртлік: ақыл, рақым, әділет;
- б) жүрек: әділет, рақым, мейірім, ар-ұят, махаббат т.б.
- в) әділет пен махаббат;
- г) махаббат, яғни сую - үш сую – иманигул - Алланы, адамзатты, әділетті сую;
- ғ) ізгілік пен қайырымдылық.

Абай адам бойындағы барлық асыл қасиеттер мен қабілеттерді бір орталыққа біріктіріп, оларды өзі таныған үш қасиет арқылы толық адам бойына жинақтайды. Ақыл, қайрат, жүрек үшеуінің «бір кеудеден табылып», толық адам туатын танымы – ұлы ақынның өмірі мен өнеріндегі зор табысы. Ал Абай жырлаған жауәнмәртлік пен иманигул – ақылдағы толық адам танымының өзегі мен негізі, түпкі мәні. Абайтанудағы ендігі міндет – М.Мырзахметұлының ғылыми ізденісінің ізімен осы танымдардың мән-мазмұнын тани түсу болмақ.

Мақсат ӘЛІПХАН,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
доценті, ф.ғ.к.



КІТАПХАНА ІСІ МАМАНДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Қазіргі кітапханаларға өндіріс шығармаларын, ақпарат бағдарламаларын насихаттау барысында, жаңа технологиялық компьютерді өмір талабына сай өзгертілген түрлерімен ұтымды ұштастыру әрекеттері іздестірілуде және ғаламдық тұрғыда алға қойған мәселелерді дұрыс шешу мен меңгеруге жол ашуда. Осындай ұлттық ақпаратты біріктіріп, қоғамға жаңаша уақыт талабына сай қызмет көрсетуді игеру мен насихаттаушы, таратушы, халыққа ұсынушы кітапхана - ол идеологиялық үлкен мекеме рөлін атқарады.

Бүгінгі күні кәсіби шеберлік, кәсіби құндылық – кез-келген маманның қоғамдағы сұранысы мен орнын анықтайтын басты принцип. Әсіресе, кітапхана саласы ақпараттық және білім орталығы ретінде ақпаратты беру мен табу, іздестіру жолдарын білуде кітапханашы мамандар бірінші кезекте жоғарғы ақпаратты біліммен қаруланған өз ісінің шебері болуы керек.

Отандық кітапхана ісін зерттеушілердің пікірінше, кітапханашылардың білімін жаңғырту олардың кәсіби шеберлігін ұдайы жетілдіріп отыру жолымен жүзеге асырылуы тиіс. Кітапханашы өмір бойы оқуда, ізденісте болуы шарт, ол – оның кәсіби міндеті, себебі кітапханаға түсетін әрбір жаңа ақпарат маманнан белсенді қабылдауды және оны іс-тәжірибеде қолдана білуді талап етеді. Тарихи дамудың қай кезеңінде болмасын кітапханашы – білімді бойына жинап, таратушы адам ретінде танылып келеді, өйткені ол кітаптардың мазмұнымен, әртүрлі басылым түрлерімен белсенді жұмыс істейді, оқырмандарының жүрегіне жеткізеді. Алайда бүгінгі ақпарат көлемінің ұлғая түсуіне байланысты, барлық кітапханашылар бірдей білімді оқырманмен жұмыс істеуге қабілетті деп сеніммен айта алмаймыз. Сондықтан кәсіби білімге деген мөлшердің өзіндік байсалды негізі бар. Кәсіби білімнің кітапхананың атқаратын қызметіне тікелей қатысы бар, өйткені кітапханашы әркез өз білімін көтеретін шараларға қатыспаса, ол өзінің кәсіби міндеттеріне этикалық тұрғыдан жауапкершілікпен қарамаса, өз айналасындағы болып жатқан құбылыстарға немқұрайлы қараса, бұның бәрі осы кітапхананың атқаратын қызметіне кері әсерін тигізеді.

Қазіргі мамандықтарға, әсіресе кәсіби деңгейді тұрақты көтеруді қажет ететін мамандарға міндетті түрде ғылыми зерттеулер жүргізіп отыру қажет, өйткені кітапханалық ортада мамандықтың құндылығын мойындамау, қызмет көрсету деңгейіне жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмеу сияқты келеңсіз жағдайлар белең алып келеді. Күні бүгінге дейін кітапханашы еңбегі қоғамдағы жалақысы аз төленетін мамандық болып келеді.

Осыған қарамастан қоғам өзгерісінде кітапхана рухани орталық ретіндегі статусын жоғалтпай келе жатқаны көңіл қуантады, ал кітапханашы мен оқырман арасындағы қарым - қатынасының проблемаларын жою, кітапханашының кәсіби деңгейін көтеріп, дамытып отыру кітапханалардағы әдістемелік орталықтардың міндеті. Кітапханашылар үшін ең маңыздысы – жеке тұлғалық коммуникативті қасиет, оқырмандармен қарым - қатынас жасай білу. Кітапхана мейірімділікке, гуманизмге қызмет ететін орын



ретіндегі ұғым қалыптасуы үшін, онда мейірімді, жақсы тәрбиеленген, өз ісіне шексіз берілген кәсіби мамандар жұмыс істеуі тиіс.

Кітапханалар қазіргі жағдайда әдебиеттермен қамтамасыз етіле отырылып, олардың сақтаулы мен қолданылуына жоғарғы деңгейде кәсіпкерлік дәрежеде жағдайлар жасалған. Соңғы кезде оқырмандар дәстүрлі емес хабарламаларды жеткізушілер негізіндегі материалдарды қолданғанды қалауда.

Кітапхана барысындағы дәстүрлі технологиялардың өзгеруі, электронды есептегіш техникаларды қолдану кітапхана қызметкерлерінің психологиялық көзқарасына әсер етеді, олардан дәстүрлі емес қызметтер мен ұйымдастырғыш-құрылымдық өзгерістерді қажет етеді. Тәжірибелі де білімді кітапханашылар есептегіш техникалармен жұмыс істей алмайды. Сол себепті де кітапханашылардың мамандығын жетілдіру мақсатында компьютерді, Интернет ресурстарды толық пайдалану қажет. Кітапхана барысындағы автоматтандыру комплексіндегі мәселелер көп, нақты технологиялық операцияларға талдау жасау, олардың түйісуі, құрастырушылардың міндеттерін қабылдау, кітапхана өміріне жаңалықтарды өңдеу, ұжыммен жүргізілетін әдістемелік жұмыстар және тағы басқалар. Жоғары дәрежедегі өз ісіне шығармашылықпен қарайтын жан-жақты білімді мамандарсыз кітапхана алға қарай жылжи алмайды.

Бүгінгі күннің талабы – кітапхана мамандығының кәсіптік деңгейінің жоғарылығы. Ұжымда кітапхана жетекшілерінің білімін жетілдіру - жауапты міндеттің бірі. Ұйымдастырушы және тәрбиеленушілігімен қоса, олар жан-жақты кәсіптік деңгейдегі ғылыми біліктілігімен ерекшеленуі тиіс.

Қазақстанда жоғары білімді кітапханашыларды дайындайтын Қазақ

мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Кітапханатану және библиография кафедрасында мамандар даярлау 1956 жылдан басталады, бастапқы кезде филология факультетінің құрамында кітапхана бөлімі ашылып, ол бөлім 1961 жылдың 1 қыркүйегінен жеке кітапхана факультетіне айналды. Қаншама кітапханашыларды білім бұлағымен сусындатып, кітапханатану және библиография мамандығының иелері ретінде үлкен еңбек жолына аттандырған осы мамандықтың ашылғанына да жарты ғасырдан аса уақыт өтіпті.

Қазіргі кезде «Кітапханатану және библиография» кафедрасы «Өнер және мәдениет» факультетінің құрамында 58091000 – «Кітапхана ісі» бағыты бойынша мамандарды даярлайды. Оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады. Күндізгі бөлімге түсетін талапкерлерге мемлекеттік гранттар бөлінеді, ол жыл сайын көбеюде.

58091000 – «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірушілерге «Кітапхана ісінің бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі де, олар республиканың әр түрлі типтегі (ЖОО, мектеп, лицей, гимназия, колледж) кітапханаларында жұмыс атқара алады.

Қазіргі кезде Университет басшылығының қолдауымен «Кітапханатану және библиография» кафедрасы бакалавриатты үздік бітірген түлектерге магистратурада оқуын жалғастыру мүмкіндіктерін қарастыруда.

Кафедра оқытушылары осы мамандыққа қажетті мемлекеттік стандарттар (бакалавриат, магистратура) типтік оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын, монографиялар, ғылыми мақалалар, оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендер шығарып отырады.

Кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысы, кітаптану, кітапханатану мен библиографиятанудың өзекті мәселелерін зерттеуге, кітапхана мамандарын сапалы, уақыт талабына сай, жоғары деңгейде дайындауға бағытталған.

Жалпы алғанда барлық зерттеу жұмыстарының ғылыми және тәжірибелік маңызы зор. Кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылыми еңбектерде, мерзімді басылымдар мен ғылыми жинақтарда жарық көріп отырады, сонымен қатар олар жоғарғы оқу орындарында оқылатын арнайы кәсіби курстарда да белсенді түрде қолданылып келеді.

Оқытушылар құрамы республикалық, халықаралық ғылыми конференцияларға, семинар-тренингтерге, дөңгелек столдарға, мастер класстарға үнемі қатынасып, өздері де ұйымдастырып тұрады.

Соңғы жылдары кафедра оқу үрдісіне жаңа инновациялық технологияны енгізу мәселелеріне үнемі ерекше көңіл бөліп отырады.

Қазіргі таңда бұл оқу орнын бітірген мыңдаған жоғары білімді кітапханашылар қоғамымыздың түрлі саласындағы кітапханаларында үлгілі қызмет атқаруда.

Гүлмира Исатайқызы НҰРЖАНОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Кітапханатану және библиография кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты



ӨНЕР – САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА



Өнер — көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

«Өнер» терминін екі мағынада анықтауға болады. Кең мағынасында өнер адам баласының жасампаздығын білдіреді де, «ендіру», «жасау», «құру» деген негізден өрбиді «өнер» деп көркем шығармашылық үдерісін және оның нәтижелерін (бейнелеу, поэзия, әуен, би, т.б.) айтуға болады. Өнер өмірде болған оқиғаларды қаз-қалпында алмай, өзгертіп, түрлендіріп, көркем образдарды типтендіру арқылы сомдайтын эстетикалық құбылыс. Оны қоғамдық сананың өзге формаларынан даралайтын белгісі де адамның шындыққа деген эстетикалық қатынасы болып табылады. Адам өмірін, қоршаған ортаны көркемдік-эстетикалық тұрғыдан игеру. Көркем шығарманың бел ортасында нақты бір тарихи жағдайда алынған жеке адам тағдыры, адамдардың қоғамдық қатынастары мен қызметтері тұрады. Өнерді әрі эстетикалдық, әрі этникалдық құбылыс ретінде қарастыруға да болады. Халық мұрасы тұсында оның этникалдық арқауы басым болса, кәсіби өнерге келгенде эстетикалдық сипаты үстем. Өнер туындылары арқылы өмір шындығын көрсетудің әр түрлі тарихи кезеңдерге тән өзіндік көріністері бар. Соларды саралай отырып, адамзат баласының көркем қиялмен ойлау жүйесінің даму, жетілу жолдарын аңғарамыз. Олар суреткер қиялы арқылы өңделіп, көркем образдар түрінде беріледі. Шығарманың суреттеу тәсілі, құрылымдық келбеті, көркем бейне жасаудың материалдық арқауы өнер түрлерінің ерекшеліктерін айқындайды. Осыған сай өнердің: музыка өнері, би өнері, театр өнері, кино өнері, көркем әдебиет, сәулет, мүсін өнері, т.б. түрлері бар, соған тоқтала кетейін.

Алматы қаласының инабатты, ерке, әнші қыздарымызды тәрбиелеп ұшырып отырған өнер ордасы дегенде есімізге Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті түседі. Алайда, бүгінгі таңда осы оқу ордасы мыңдаған ақылына көркі сай, парасатты, өжет, жан-жақты, болашақ ұйымдастырушы мұғалім студенттерді тәрбиелеп келеді.

Жуырда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Мәдени – бұқаралық жұмыстардың теориясы мен әдістемесі» кафедрасында студенттер арасында «Екі жұлдыз» байқауы өтті, болашақ ұйымдастырушы қыздардың өнерге деген қуштарлығына, концерттік іс-шараны ұйымдастыру қабілеттеріне тәнті болдым. Сахнада ән айтып би билеп, театрландырылған өнер көрсеткенде, шіркін-ай, талай майталмандар шыққан қыздар ордасы заман талабының қиыншылығына қарамастан дарынды қыздардың жолын ашса екен.

Демек, ән өнері, күй өнері, би, театр, өнеріне жастарды, жасөспірімдерді өнерді сүюге, бала – бақша мен мектеп, колледждерден бастасақ, сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарында өнерге деген құрметпен қарауды дамыту.

Ш. Ж. Таджбағамбетова,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Мәдени – бұқаралық жұмыстардың теориясы мен әдістемесі» кафедрасының оқытушысы



МУЗЕЙДЕГІ АРАБША КІТАПТАР

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызаша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихи мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың кейінгі ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. «Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік», - деген еді Ғабит Мүсірепов. Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі.

Тарих ғылымының негізі – дерек, ал дерек көзінің бір түрі – қолжазба. Қолжазбалар қашанда белгілі бір кезеңдегі халықтың, елдің тарихи-мәдени өмірінен мол мәлімет беретін бірден-бір құжат болып келеді. Мәдениеті мен тарихын іргелі зерттеулерге негіздеп, дәріптеуді дәстүрге айналдырған Қазақстан өз егемендігінің мәңгілігін, даму жолының айқындығын да жазба мұраларға нақыштап келеді. Сол себепті қазіргі таңда тарихқа қатысты дерек көзін қамтитын қолжазба кітаптарды жинау алдыңғы орынға қойылып отыр. Сайрам тарихи-өлкетану музейінде де бірнеше көне қолжазба, арабша кітаптар сақтаулы. Мысалы: Арабша кітап «Бедел» (Беділ ақынның өлеңдері), «Қафия» (Араб грамматикасы) «Баяз Нили» (арабша өлеңдер жинағы), «Шархил Вақоия» (Даналар өсиеті), «Хидоят» (шариғат заңдары), «Мұхтасар Қуадрий» (атақты ислам ғұламалары туралы), «Тафсири мавлана Хусамни» (аяттардың талдауы), «Саловат Маъсудия» (Намаз оқу тәртібі), «Мұхтасар» (Ислам қағидалары), «Мұхаммед Ханафия»(Әзірет Әлидың өмірі), басқа да кітаптар бар. Солардың ішінде арабша кітап «Құран Кәрім» ең көне және ең құндысы . Құран немесе Құран Кәрім — Ислам дініндегі негізгі киелі кітап. Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген Иләһи кітаптардың соңғысы Құран Кәрім, Аллаһтың елшісі және Пайғамбарлардың ең соңғысы Хазреті Мұхаммедке (саллалаһу алейһи уасаллам) түсірілген кітап. Мұсылмандар оның Мұхаммед пайғамбарға

ақиқатты баян ету үшін түсірілгендігіне, адамзатқа одан үзілместен жеткен Аллаһтың сөзі екендігіне сеніп, иман келтіреді. Оны оқу (тиләуәт) арқылы Аллаһқа құлшылық қылады. Құран Таурат пен Інжілден кейінгі аспандық кітап ретінде және араб тіліндегі кітаптардың ішінде шешендік тұрғысынан ең байы саналады. Құран уахидың түскен жері мен уақытына байланысты меккелік және мединелік боп бөлінген 114 сүреден тұрады.

Қасиетті Құран Мұхаммед пайғамбарға 23 жыл бойы үзік-үзік болып түсірілген – бұл оның бірден түсірілген басқа қасиетті кітаптардан айырмашылығы боп табылады. Пайғамбарға аят түскен сайын, ол қасындағы сахабаларға оларды оқитын болған. Олардың саны қырыққа дейін жетіп, тіпті пайғамбарлықтың ең ауыр кезеңінде де олар Пайғамбардың қасында жүріп, Құранды жазуды тоқтатаған.

Меккедегі Құранды ең бірінші болып жаза бастаған адам Абдуллаһ ибн Сағд ибн Сарх болған. Ал Мединеде ең бірінші жаза бастаған адам Убәй ибн Кағб болған. Құранды хатқа түсірушілердің ішінде Әбу Бәкр, Омар ибн әл-Хаттаб, Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Талиб, әз-Зубайр ибн әл-Аууам, Халид ибн Сағид ибн әл-Ас және т.б. болған.

Құран түсіп жатқан заманда оны құрма ағашының жапырақтарына, тастарға, теріге және т.б. материалдарға жазатын болған. Бұл жазбалар аяттардың түсуіне байланысты жасалатын болған. Сүрелер мен аяттар аралас түсетін болған соң, Мұхаммед пайғамбар сахабаларына қай аятты қай сүреге жазу керек екендігі туралы айтатын болған.

Сайрам жерінде өмір сүрген Қазы Байзауидың (Ишан Қожа-IX-Х) «Құран Тәпсірлері» деп аталатын екі бөлімнен тұратын кітабы дүниежүзіндегі ең жарамды тәпсірлер болып саналады. Кейбір мұсылман елдерінде әлі күнге дейін оқу құралы болып пайдаланып келеді.

С.АРТУХМЕТОВА,
Сайрам тарихи-өлкетану музейінің қызметкері

МЕНІҢ ҚАНЫМ ӨЗГЕЛЕРГЕ ӨМІР СЫЙЛАЙДЫ

С.Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері 2005 жылдан бері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімімен жыл сайын аталып келетін 14 маусым – Донор күніне орай және қаламыздағы лаңкестік әрекеттерден жарақаттанған бейбіт тұрғындарға көмектесу үшін «Менің қаным өзгелерге өмір сыйлайды» ұранымен қайырымдылық акцияларын ұйымдастырып облыстық қан орталығына барып, қан тапсырды. Мақсат – жексенбіде орын алған оқиғада зардап шеккен құқық қорғау органдары қызметкерлері мен басқа да азаматтарға көмектесу.

Адам ағзасындағы қанның атқаратын ролі орасан зор. Қан бұл ағзадағы зат алмасу жүйесін реттеп отырғандықтан онсыз адамның өмір сүруі мүмкін емес. Міне, адам ғұмырына ауадай қажет саналатын қан, одан алынатын әртүрлі компоненттер мен препараттар әзірледуді, сақтауды, донорларды жасақтау қызметін атқарып, әрі қажетіне қарай емдеу мекемелерінің сұраныстарын күндіз-түні қамтамасыз етіп отырған бірден-бір мекеме —Ақтөбе облыстық қан орталығының қызметкерлері, дәрігерлер Беркимбаева Гүлсім Сматулайқызы, Төрежанова Зоя, Бужева Нұрсұлу және лаборант қызметкерлер Қарағұлова Гүлшат, Шамарова Ляззат, Ахметова Индира, Тулеуова Салтанат т.б медбикелер келген донорларға өз қызметтерін аянбай көрсетуде.

Біле білсек, қан – адам ағзасындағы ең қажетті зат, ол жүректің жұмысы арқылы адам денесін оттегімен, қоректік заттармен қамтамасыз ете отырып, көмірқышқыл газы мен басқа да зиянды заттарды ағзадан аластатуға көмектеседі.

«Адамзатқа жаңа қан», «Қан көп болса өмір ұзақ» - демекші, кітапхана қызметкерлері бүгінгідей алта бойына қан тапсырады. Қан тапсырған адамның біріншіден қан жасушаларының жанаратының, екіншіден бастысы әрі маңыздысы қанға мұқтаж адамдардың өмірің сақтап қалуға көмектесу. Бұндай акциялар донор болу, яғни қан тапсыру көп уақыт пен күш жігерді



қажет етпейтін қайырымдылық іс жыл сайын ұйымдастырылады. Кітапхана қызметкерлері облыстық қан орталығына келіп қанға мұқтаж жандарға көмектесуге әрқашан дайын екендерін көрсетті.

Қан – тіршіліктің тірегі. Донордың берген қаны екінші бір адамды ажалдан арашалап қалады. Донорлар көп болса, адам өмірі де ұзара түседі. Олай болса, донор болу әр адамның парызы дер едік.

Бақытгүл БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
бөлім меңгерушісі, Ақтөбе қаласы

БАҚЫТ ІЗДЕП САНДАЛЫП ЖҮР БАР АДАМ...

1982 жылы туған. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университетінің түлегі. «Шалқар» ұлттық радиосының Бас редакторы, «Жас тұлпар-2014» сыйлығының иегері

САРҚЫТ

Әр ауылдың төрінде бір атам бар,
Әр атамның аузында мың мақал бар.
Мақалыңның мәнін қайдан ұғынсын
Бойдан емес, ой жағынан тапалдар?!

Сыбағамнан қағылмайын құр қалып,
Сарқыт ішіп, отырайын сыр бағып.
Ата, сендей сұңғыла қарт болайын,
Сақалыңды берші асыма бір малып.

Ұлтымыздың ұлылығын ұғына,
Ғұрпымыздың жету үшін құнына,
Басқа жұрттың айналмауға құлына –
Барқыт емес, сарқыт керек ұлыңа.

Терлігіне термен бірге жас сіңген
Тай-құнаның мен емеспін басбілген.
Сарқытыңмен қоса маған бата бер,
Асқа емес, ақ батаға ашпын мен.

«Батаменен ер көгерер...» дейді елім,
Ер көгерсе, ел көгерер – түйгенім.
Еліменен бөлеседі нағыз Ер
Бақыт көрсе жасуындай иненің.

Жабырқатпай әр жылың мен әр айың,
Бақтан ғана бурыл тартсын самайың.
Десең жұртқа – жаназа емес,
той көр де,
Жесең – тойдың сарқытын же, ағайын!

БАУЫРЫМА БАЗЫНА

Қарман деп құлға қол берген,
Жалған деп перзент-төл берген.
Құранды Көктен түсіріп,
Адаспай жүрер жол берген.
Сол жолдан неге айныдық?
Қамығам қатты қайғырып.
Хақ дінім кетті-ау бүгінде
Тармаққа талай айрылып.
Оқуға Құран, көз берген,
Аутуға уағыз, сөз берген.
Әуретің жабық жүрсін деп,
Барқыт пен бүліш, бөз берген.
Қараймын-дағы көп қызға,
Боламын бірден етқызба.
Жалаңаш тәнді сән етіп,
Ұяттан безген жоқпыз ба?!
Ішуге дайын ас берген,
Ойлауға ақыл-бас берген.
Бет бұрып, намаз оқы деп,
Кағбадай асыл тас берген.
Санамен көрсек ұғынып,
Алланың ісі – ұлылық.
Құбылаға қойдық жүз бермей,
Сайтанның суын сіміріп.
Ұшына тілдің дәм берген,
Дәмменен бойға нәр берген.
Асыңның басы осы деп,
Қауашақ жарып, дән берген.
Иманнан бойды таса ғып,
Доңыздың етін асадық.
Халалдан харам өндіріп,
Бидайдан арақ жасадық.
Өкпеңе ауа-дем берген,
Дертіңе дауа-ем берген.
Босқындай босып кетпеуге
Далитып дала-ел берген.
Қалтаға қаржы қымқырдық,
Астауға биік ұмтылдық.
Отанды сүю тек тұрсын,
Нәсібін елдің жымқырдық.
Шам етіп ортақ Күн берген,
Ол үшін алмай құнды елден,
Жамағат ұрпақ жайсын деп,
Қараңғы мақпал Түн берген.
Адалды алдап бағамыз,
Жазықсыз көзін таңамыз.
Қараңғы Түнді неліктен
Ұрлыққа пайдаланамыз?!
Дәретпен жүр деп тән берген,
Тәніңе үрлеп жан берген.
Кірлетпей қайта тапсыр деп,
Кіршіксіз аппақ ар берген.
Сол Арды неге былғаймыз?
Жүректі қашан тыңдаймыз?
Танымайтұғын Иесін
Тас керең, соқыр құлдаймыз.
Кеудең берген жанды да
Алады Алла,
Қалғыма.
Аңқиып аузың қалмасын
Барғанда ертең алдына.
Таңымыз үшін әр атқан
Аллаға болсын мадақ сан.
Сені де, мені, Оны да
Тамшыдан ғана жаратқан!
Келгенде күні қиямет,
Қалайша құрмет, сый алад,
Алланың аманатына
Жасаған пенде қиянат?!
Бауырым, басың көтерші,
Жазбаған жалған еш Елші.
Шеберді шебер дегенше,
Алланы шебер десеңші!



БАҚЫТ

Тайпалғырдың таңдап мініп тәуірін,
Белшесінен кешіп жүріп мұнайды,
Бақыт деген – байлық болса, бауырым,
Байлар неге жылайды?
Жаннан емес, тәннен алып жылуды,
Тар төсекте есінен мың таныпты.
Бақыт деген – құшу болса сұлуды,
Жүргіш неге жалықты?

Асып тұр ғой ас емес бұл даңқы астың,
Мұнысына миым жетпей тұрғаны-ай.
Бақыт деген – арақ болса,
Алқаштың
Әні неге мұңға бай?

Тақымыңыз тағыңызға толса егер,
Осы емес пе өмір сүру өмірсіз.
Бақыт деген – бастық болу болса егер,
Әкім неге көңілсіз?!

Базаршының бет-бейнесін дауда көр,
Қалтасынан асып-тасқан байлығы.
Бақыт деген – табыс болса,
Саудагер
Бүгін неге қайғылы?



Дәл мен үшін жоқ ешқандай құны түк,
Танауымен аспан сүзген көкенің.
Барша адамзат бара жатыр ұмытып
Бақыт деген қанағатта екенін.

Бейілдерін қанағаттан бұрып құр,
Бақыт іздеп сандалып жүр бар адам.
Бақыт болып дастарханда күліп тұр
Құдай берген қара су мен қара нан!

ҚАЖЕТ ЕМЕС ЗАҢ МАҒАН

Қаныма анам сіңіртіп бар салтымды,
Хат танымай танып алғам қалпымды.
Отан-Ана!
Қажет емес заң маған,
Заңсыз-дағы қадірлеймін халқымды.

Туа сала кешпесем де суыңды,
Иткөйлегім өзеніңе жуылды.
Отан-Ана!
Қажет емес заң маған,
Заңсыз-дағы кірлетпеймін Туыңды.

Алтын көрсе айналатын түлкіге,
Заңгер аз ба қалып жүрген күлкіге.
Отан-Ана!
Қажет емес заң маған,
Заңсыз-дағы қол сұқпаймын мүлкіңе.

Айналайын жылы жұмақ ұядан!
Сені есеппен сыйлап жүр-ау кей адам.
Отан-Ана!
Қажет емес заң маған,
Заңсыз-дағы мәңгі өзіңді сүйе алам.

Қаңбақ құсап көшкенімен қонысқа әр,
Отаны бар!
Ер медет қып соны ұстар.
Қажет емес,
Қажет емес заң маған,

Заңнан күшті менде биік Борыш бар.

Мейлі маған бермей-ақ қой көп бәйгі,
«Өзге Отан» деп жүрегім еш соқпайды.
Борышымнан айнып кетсем бір елі,
Ең алдымен Арым келіп соттайды.

ҚАЗАҚҚА ҰҚСАЙДЫ

Қазаққа ұқсайды зау мұзарт,
Асқақ шың бұлтпенен таласқан.
Сол шыңнан биіктеу жалғыз-ақ
Дүниеге шаңырақ – Көк Аспан.

Қазаққа ұқсайды, расында,
Күлімкөз алтын Күн көктегі.
Жарылқап досын да, қасын да
Бәріне шуағын сепкені.

Қазаққа ұқсайды, бауырым,
Байқасаң, далиған қара жер.
Артылып үстіне ауырың,
Қойнына өлгеннің бәрі енер.

Қазаққа ұқсайды жақпарда
Жылт еткен таудың бал бұлағы.
Өзендер өзгеріп жатқанда,
Бастауы былғанбай тұр әлі.

Түзетіп тарихи қатаны,
Ғылымға жаңалық ендір сен.
О баста Алла Адам-Атаны
Қазақ қып жаратқан, мен білсем!

ДОМБЫРА

Нағыз қазақ – қазақ емес,
Нағыз қазақ – домбыра.
Қадыр ақын

Нағыз қазақ арғы атамның баяғы
Арғы өмірге аттап кетті аяғы.
Арғы атамның көзін көрген қауымнан
Көзі тірі – домбыра ғой аялы.

Тақымыңа тайғақ-кешу жолда сын,
Мықты болсаң, сонда рухың солмасын.
Қоңыр даусын жоғалтқан жоқ домбыра,
Қақ төбесін ойғанда да қорғасын.

Сол домбыра қасиеттім, киелім,
Одан артық кімді қалай сүйемін?
Төрімдегі бас қонақ қып сүйегін,
Мойнымдағы тұмар еттім тиегін.

Домбыраның пернесінде ән ғажап,
Домбыраның шанағында зарлы азап.
Қазақ болып қалды мәңгі домбыра,
Домбыра боп қалса екен-ау әр қазақ.

ТҮРКІСТАН

Айналайын атамекен – Түркістан!
Сені өзекке тепкендерді жың қысқан.
Бір сен үшін атам жаға жыртысқан,
Бір сен үшін бабам жаумен қырқысқан.

Құйылып кеп қол болғанда бар түрік
Жау тентіреп кетпеп пе еді шарқ ұрып.
Тегін сатып тентек болды енді ұлың
Тарихының тамырына балта ұрып.

Төбеңе кеп тоқтап қалған арай күн,
Арай күнге көз аша алмай қараймын.
Қасиетіңді мансұқтаған
Қасиетсіз
Діншілдердерді мен де
мойындамаймын.

Әрбір тасың сыбырлайды сыр айтып,
Әруағыңды алмайыншы мұңайтып.
Құшағыңда ұйықтап жатыр қанша алып
Сүйектері топырағыңды тыңайтып.

Жасыл өлкем қысы қопал, жазы көп,
Жүректерге тарихыңның сазын ек.
Сенде текке дамыл тауып жатқан жоқ
Қазы-биім қаз дауысты Қазыбек.

Басымды иіп құдіретіне Құдайдың,
Кесенеңде тілек тілеп жылаймын.
Аят оқып Абылайдың басында,
Хан бабамның «Үш арманын»
сұраймын.

Айналайын Түркістаным – Тұраным!
Мирас еттің Қожа Ахметтің тұмарын.
«Әлхамдүллә – мен мұсылман қазақпын!»
Тірлігімде айтар осы ұраным.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНЫ

Түсінбей қалмаңыз қалай деп,
Балдырған сәтім ол таза-шық,
Тұмсығым қанады талай рет
Қазақтың қызына таласып...

Қасында қазақтың мұңының
Бір тиын үлде мен бұлдеңіз.
Ұлтымның қансүйер ұлымын,
Қанішер деп ойлап жүрмеңіз.

Қазақ деп қақсамай тізеңіз,
Алаш деп ақпаса қаныңыз,
Қара қыз,
Тез менен күдер үз,
Жаныммен үйлеспес жаныңыз.

Кеудеңді «ұлым!» деп кернеген
Намысың болмаса қаныңда,
Есімің құрысын Ер деген,
Жігітім, батыр боп танылма.

Ертеңге елеңмін, алаңмын,
Бозарып барады самай-дүр.
Өз қанын сүймейтін адамның
Жүрегі тоқтамай қалай жүр?!

Егемен елміз деп қуанған
Бабалар шаттанып көрінде.
Атажау қанына суарған
Атамның қылышы төрімде.

Тіленіп бақытсыз ұрысты,
Қанымды болса кім жылатқан,
Төрдегі қайқыбел қылышты
Қайтадан суырам қынаптан!

Малым бар – жаныма садаға!
Жаным бар – арымса садаға!
Арым бар – қаныма садаға!
Қаным бар – қаныма садаға!

КӨК СЕРКЕ

Қарсы алдыңда дәу тұрса да не көрім,
Бойыңдағы намыс еді сенерің.
Қарағайдай мүйізі бар көк серке,
Бір отардың көшбасшысы сен едің.

Малдың жауы шибөрі де шибөрі
Мысың басып, отарыңа тимеді.
Саған сеніп, жамыраған қозы-лақ
Өрісінде ойнақтады, биледі.

Кер ешкінің сенен туған лағы бар,
Лақ та болса күжірейген жалы бар.
Бақылдаушы ең,
Бақырдың да бұл жолы,
Бауыздалып кете бардың, жануар.

Тулақтай боп тапталдың да аттарға,
Лезде айналып кеттің солай көкпарға.
Отарыңда топ бастайтын дәстүрді
Аманаттап қалдырдың ба лақтарға?!

Қой бастаған қоңыраулы көк серке,
Тарихымды еске салдың ескерте.
Қарап тұрып көкпардағы кейпіңе,
Ойға оралды-ау Алаштағы Көп Серке!...

КЕЛІНІМЕ
Ұл-қызын атастырып бесіктегі,
Жесіріс жылатпаған есіктегі,
Тұрмысы тұралаған туысына
Қол созған, жылу жинап, есіткені.

Үкідей үлбіретіп жас күнінен,
Атынан аластаумен ласты кілең,
Қызына жатжұрттық деп төрін берген
Айналдым Алашымның дәстүрінен!

Мен қазір жазғы жәндік күйіндемін,
Белшемнен кешіп тұрмын мейір кенін.



Серік СЕЙІТМАН

Ақ екен жан әлемің жаулығыңдай,
Қарағым,
Иіле бер,
Иіл, келін!

Тәңірім сыйлап дәйім қанға сабыр,
Әжелік дәуреніңді қамдаса жүр.
Сен келіп, шаңыраққа шаттық қонды,
Келінжан, айналайын, көп жасағыр.

Бал санап нәрестеңнің еркелігін,
Кеш солай ғұмыр-бақи ертегі күн.
Ұрпағың ұлтын сүйер ұлан болсын,
Анасы Ұлы Елімнің ертеңінің.

Жүрмесін көңіліңді жасқап қайғы,
Қайғырсаң ата-енеңе ас батпайды.
Келінжан!
Иіле бер!
Сен иілсең -
Алаштың абыройы асқақтайды.

БӘТІҚКЕ

Бәтіқкем-ау, қанықпын қал-жайыңа,
Үн бітпеген тілің мен таңдайыңа.
Табаныма кіретін шөңге-тікен
Сенің барып қадалды маңдайыңа.

Аяқ дейтін аянбай қос ағана,
Иілесің маңдай тер жоса бола.
Мен төріне шықсам да талай үйдің,
Қаңтарылып тұрдың сен босағада.

Бірде жылдам, бәсеңсіп бір жәй жүрдің,
Жігеріңді, солайша, құмдай қылдың.
Аяқ бастың бұйрығын бұлжытпады,
Сен аяқтың ақылын тыңдай білдің.

Ақылына сәні сай бір көрікті
Үйленуге аруға біз “жерік-ті”.
Бір бақыты сол бейбақ бәтіқкенің —
Әу бастан-ақ жұп құрап үлгеріпті.

Аяқкіім бөленбес сая-нұрға,
Ей, бауырым, сен оны аядың ба?!
Ешкімге ешкім бәтіқке болмасыншы,
Мен тозайын қазақтың аяғыңда.

ҚАЛАММЕН СЫРЛАСУ
Кел, қаламым!
Сәлем бер саусағыма,
Күтумен жүр өзіңді ол сағына,
Мәңгі етіп жаз қанша жыр жазсаң –
дағы,
Қалсын сенен ұрпаққа сонша мұра.

Жаз, қаламым!
Тұнықтың тұнбасын жаз,
Тілсіз туған мылқауға тіл қатып жаз.
Көзі соқыр зағипқа оқытып жаз,
Естімейтін кереңге тыңдатып жаз.

Жаз, қаламым!
Тың жерді қопарып жаз,
Үшкірленген ұшыңды соқа қып жаз.
Қарымыңнан байқалсын тек мықтылық,
Жалынынан жүректің от алып жаз.

Жаз, қаламым!
Қайнап жаз, бұлқылдап жаз,
Суатынан сезімнің сусындап жаз.
Болғанды жаз
Және де болатынды
Жер астынан жеті қат тың тыңдап жаз.

Жаз, қаламым!
Шың – құздан ары асып жаз,
Саяз жазба, санаммен санасып жаз.
Ірің толып, ауызы беку қалған
Шыншылдықтың жарасын қанатып
жаз.

Жаз, қаламым!
Жаза түс, еш ерінбе,
Жата берме жып – жылы төсегіңде.
Бес – ақ күндік бұл жалған дүниеде
Мәнмен өткіз сол күннің бесеуін де.

Жаз, қаламым!
Сырыңды көшпес қып жаз,
Сырың барды сының да
кетпес қыс – жаз ...
Әр сөйлемді, әр сөзді, әр әрпіңді
Тақтасына тарихтың өшпес қып жаз.
Сен өйтпесең, өмірден өтпеспін мәз!

«КӨНЕ ТҮРКІСТАН» ЖОБАСЫ ТУРИЗМДІ ДАМУЫҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРМЕК



Бұған дейін Түркістанда «Көне Түркістан» атты тарихи-мәдени туризмді дамыту тұжырымдамасы әзірленгені жарияланған болатын. Қазіргі күнде осы аталған жобаны іске асыру барысында нақтылаушаралары жүргізілуде. Алдағы уақытта аталмыш жоба толық зерделеніп, көпшілік назарына ұсынылатын болады.

Атап айтатын болсақ, өңірдегі туризм кластерін қалыптастыру үш кезең бойынша қарастырылып отыр. Бірінші кезеңде «Әзірет-Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайының ескі «Шахристан» қорғанын қалпына келтіру. Кесененің қарсы бетінде орналасқан, яғни оңтүстік бөлігіндегі 12,3 гектар жер аумағындағы тұрғын үйлердің орнына туристерге ыңғайлы жағдай жасау мақсатында қызмет ететін жаңа ғимараттарды салу көзделіп отыр. Екінші кезеңде мамандармен бірлесіп бұрын зерттелген ескі тарихи көшелердің іздерін сақтай отырып, орта ғасырлық қалашықтың (ғылыми тілде көне қала рабатын) кейіпінде этнографиялық саябақ жасау. Және де туристер үшін бұрынғы шығыс моншасының, тим базарының көшірме нұсқалары пайдалануға ұсынылады. Үшінші кезең бойынша кесене маңындағы орталық көшелерді ыңғайластырып, жер асты көлік өткелін, автопаркинг және коммуналдық нысандар, туристерге қызмет көрсету нысандары, саябақ, демалыс орындары, «Қазақ хандығы» мемориалды кешені, этно-сазды

кешені, мультимедиялық орталықтары жоспарланған.

Міне, осындай ірі жобаларды іске асыру мақсатында қазіргі күні Түркістанда ілкімді істер атқарылуда. Соның бірі келелі істің кем-кетігін бағамдау үшін «Көне Түркістан» тарихи-мәдени туризмін дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыру мәселелері бойынша мамандармен бірлескен екі мәжіліс өтті. Қос кездесуде қаланың қалыптасқан тарихи орталығы бойынша ертеректе жасақталған жобалар зерделеніп, олардың кемшін тұстары мен негізгі бағыттары талқыланды. Сонымен бірге, құрылысты реттеу аймағында көне қаланың қалыптасқан тарихи көшелер жүйесі негізінде жобаланып, олардың сәулеттік ерекшеліктерін сақтау және жобалау-ізденіс жұмыстарын реттеу мақсатында нормативтік құқықтық құжаттарды әзірлеу мәселесі басты назарға алынып отыр. Айта кетерлігі, жобаның сәулеттік келбеттерін қалыптастыру барысында тарихи нысандарды қайта жаңғыртудағы тәжірибесі мол «Қазқайтажаңғырту» республикалық мемлекеттік кәсіпорны, облыстық сәулет және қала құрылысы басқармасы, Түркістан қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі мамандарының сондай-ақ, көршілес Өзбекстан мемлекеті сәулетшілерінің жобалары да қаралып отыр. Ондағы мақсат – шығыс үлгісіндегі құрылыс келбеттерін сипаттайтын жобадары нысандардың сәулетін көне кейіпте қалыптастыруға баса мән беру негізге алынған.

(Жалғасы. Басы өткен сандарда.)

8-тақырып.

АДАМ, ҚОҒАМ ЖӘНЕ БЕЙӘДЕП МӘСЕЛЕЛЕР

СТУДЕНТТЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

1. Ән. Ән. Ән!

Басылымдар беттерінен «Әжептәуір ән еді...» деген тақырыппен берілген бірнеше мақалаға көзім түсті. «Егемен Қазақстан» газетінде басылған /5.02.2002 ж/ Оңайгүл Тұржанның да «Ән қайда шөл көңілді көл еткендей?» деп аталатын мақаласы да сол жаңағы мақалалармен сабақтас. Қай-қайсысы да менің жан-дүниемді жайбарақат қалдырмады.

Неге біздің замандастарымыз ажилдаған-бажылдаған ана жақтың, мына жақтың әндеріне әуес? Ең болмаса, әуені былай тұрсын, сөзін түсінеміз бе? Өзімізде тамаша әндер аз ба? «Ән қайда шөл көңілді көл еткендей» демекші, жас жаныңды көл еткің келе ме, жоқ, әлде, сағынышқа шым батқың келе ме, әлде балалық күніңді, ата-анаңды аңсап жылағың келе ме, туған топырақтың қасиетін сезінгің келе ме – қандай әнді қалайсыз? Қаншасы керек?

Ән дегенде, тағы бір айтағым, біздің әншілеріміз ән таңдай білмейтін сияқты. Ғарифолла атамыз салатын әндерді Жүсіпбек Елебеков атамыз салмайды ғой. Дауысына келсін-келмесін халықтың алдына шығып алып, ауызды ашып-жауып, аңырап-бақырғанның не жөні бар? Содан кейін тағы бір байқағаным, ер адамдар салатын халық әндерін кейде әйел адамдар айтады. Бұл дұрыс па?

Ән. Ән! Сахнаға ашық-шашық киініп шығып, бет-ауыздарын баттастырып бояп, бөкселерімен ыңғайсыз қимылдар жасап, қазақ әндерін тіпті маззаққа айналдырып жүргендер де көбейіп барады. Ұлтымыздың рухани асыл құндылықтарын маззақ қылып жүрген сол әлгіндейлерге заң неге тым салмайды? Соған қайранмын.

Кішкентай кезімізден құлағымыз үйренген «Қара бауыр қасқалдақ» деп аталатын мұңды, ойлы әнді шыңғырып айтып, екі иықтарын жұлып жеп, қазақтың бір әншісымақ қыздары әбден берекетін алды. Айта берсең, мұндай мысалдар қаншама. Қай әнді қалай, қай жерде орындау керек екенін осы продюсерлер неге ескермейді екен?

Біздіңше, әдемі ән әдемі айтылуы керек!

Жазира КӨПБАЕВА. Журфак, 4-курс.

Жер астындағы әндер

Жоғарыға іліп қоятын жақсы сөздерді аяқ сүртетін шүберекке айналдырдық. Төрде, дастарқан басында, сахнада айтылатын әндерді жер астында шырқайтын болдық.

Мүсәпірлерді айымын. Бірақ, мүсәпірдің де мүсіпірі бар ғой. Мысалы, аяқ-қолдары балғадай жап-жас адамдардың жер астында отырып қайыр сұрап отырғанын мен дұрыс көрмеймін. Жай, өзімен өзі отырса бір сәрі ғой, олар қазақтың тамаша әндерін домбырамен айтады. Онан да жердің үстіне шығып, биікке шығып айтпай ма?

Меніңше, қазір қазақтың әндерін, әсіресе халық әндерін қолжаулық қылушылар көбейіп бара жатқан сияқты. Тосқауыл қоймай болмайды-ау.

Сәруар Қабдоллаев, 4-курс.

Ана құрсағына тіршілік пайда бола бастағаннан адамдар оны асыға күтеді, күтіп алады. Жақсы есім қояды. Әрмен қарай: қырқынан шығару, бесікке бөлеу, тұсау кесу, тағы басқа да ұлттық рәсімдер жалғаса береді. Адам тәрбиесі жатырдан басталады деген халық ұғымы бекер айтылмаса керек.

Есімге, жалпы, адам ардақтауға байланысты қандай-қандай аңыз-ертегі, жыр-толғаулар бар? Еске түсірейік: «Керқұла атты Кендебай», «Көрұғлы», «Сақпыжамал», «Омар мен Ғазиза» /аңыз-ертегілер/, «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр», «Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы» /батырлар жыры/, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Еңлік-Кебек», «Ләйлі Мәжнүн» /лиро-эпостық жырлар/.

Жер-су, елді мекендерді, қала, көше, мәдени орындарды айтамыз ба – бәрі-бәрі тағы да адам атымен. Бәрі-бәрі адамға ізет-құрмет, ілтипат. Олар әнекей, мінекей: Ленинград, Ворошиловград, Жамбыл /облыс/, Байғанин /аудан/, Бұқар жырау /аудан/.

Адам атымен аталатын ауылдар, жайлау, қыстау, құдық, бұлақ, өзен-көлдер қаншама. Жаныс би ауылы, Абай ауылы, Құнанбай қыстауы, Құткөл, Жайсаңбай /елді мекен/, Бақшақ көл, Асабай көлі, Әжібай көлі, Байжан бұлағы, Күләңқұдық, Исатай мешіті, Шонай түбегі.

Ән-күйлер: «Айжанқызы», «Жанбота», «Бірлән», «Гауһар қыз», «Шолпан», «Балқадияш», «Ләйлім», «Ақтоқты», «Алуаш», «Зәуреш». Бәрі-бәрі адам атымен.

Уа, Зәйреп, сенің үшін елден келдім,

Бағы өзін көрген жерден келдім.

Сен неге мен келгенде тебіренбейсің,

Искеп бір сүйейін деген едім.

Қай шығарма да түрлі жайлардан туындайды. Зәурештің атымен аталатын әннің мәтіні төңірегінде ел аузында түрлі-түрлі пікірлер жүр. Яғни: әнді шығарған кім? Зәурешті іздеп келген кім – әкесі ме, жоқ сүйген

жігіті ме? /Зәурештің жатқан жері Ақтөбе облысындағы Ырғыз зиратында/.

«Әр ханның тұсында бір сұрқылтай». Ал, әр заманның сұрқылтайы жоқ па?

Қабырғада ілүлі тұрған қадірлі адамның суретін немесе қасиетті құранды жұлып алып лақтырып тастап, басқа суретпен ауыстырғандай әрісі патшалы Ресей, берісі кешегі кеңес қоғамы тұсында ел-жұртпен санаспай қаншама елді мекендер «Ванновка», «Успенка», «Черниевка», «Шушинск» /Шортан/ боп өзгертілді. Қоғамның ыңғайына қарай колхоз, совхоз атанған ұжымдық шаруашылықтар мен қатар тағы да қаншама мектеп, жоғары оқу орындары, мәдениет ғимараттары Карл Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин, Тельман, Молотов, Калинин, Киров, Ворошилов аталып,

оны қуып жетіп, басындағы әдемі тақиясын ала қашады. Содан молдаға келіп мына тақияны сатып алыңызшы, жолдастарымды қонақ еткім келеді дейді. Молда: «мұны қайдан алдың? – деп сұрайды. – Сатып алуға менің шамам келмейді ғой, ханға бар. Мүмкін сол алар» дейді. Бала ханның алдына барып, болған жайдың бәрін айтады. Хан «бұл тақияны кімнен алдың?» деп сұрайды. Бала түсіндіреді. Хан: «қызды іздеп тауып кел, әйтпесе басыңды аламын» дейді. Балаға отыз сегіз жолдасы кепілдікке тұрады. Қызды іздеп жүріп бала бір кемпірдің үйіне келеді. Қызды кемпір төрт күннің ішінде тауып береді. Қыз бұған турмысқа шығады.

Баланың да, басқаның да қадір-қасиет, ар-намысымен санаспай, ақ-қараға көз жеткізбей хан бас салып әділет-шыңдықты, әдеп заңын күшке салды.

ДАЛАНЫҢ ДАРХАН ДАРЫНЫ

Қазақстан және Қырғызстан Республикаларының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның «Парасат», Қырғызстанның «Дәнекер» ордендерінің иегері, Жамбыл және Ш.Айтматов атындағы халықаралық әдеби сыйлықтарының лауреаты, көрнекті композитор, белгілі жазушы, өнер зерттеушісі, суретші, халқымыздың ардақты азаматы Илья Жақанов биыл 80 жаста.

Өнер өлкесінде өз үнімен ерекшеленетін Илья Жақановтың шығармашылығын, қазақ мәдениетіне қосқан мол мұрасын өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Құрдастар» клубы мүшелері және көпшілік оқырмандар арасында «Даланың дархан дарыны» атты бейне сабағы өткізілді.

Көпшілік шараны кітапхана директоры Марат Төлебайұлы ашып, бойына композиторлық, жазушылық, суретшілік секілді үш өнерді тоғыстырған И.Жақановтың сан салалы шығармашылығы жайлы жастарға әңгімелеп берді.

Саналы ғұмырын қазақ өнерінің өркендеуіне жұмсаған талант иесі Илья Жақанов 1936 жылы мамыр айының 6 жұлдызында Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Ақтоғай ауылында дүниеге келген. С.М. Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. ҚазССР Министрлер Кеңесінің теледидар мен радио жөніндегі Мемлекеттік комитеті жүйесінде әдеби редактор, Қазақ радиосының музыкалық редакциясында бас редактор болып ұзақ жылдар қызмет атқарды. Қазіргі таңда еркін шығармашылықпен айналысуда. Музыка және музыканттар туралы зерттеулердің авторы Илья Жақанов – қазақ халқының мақтанышы.

Кітапхана оқырмандары арда азамат шығармашылығынан сыр шертіп, жан жадыратар әуезді әндері жайлы «Дала сазының академигі Илья Жақанов 80 жаста» деректі фильмін тамашалап, «Өнердегі тұғыры биік тұлға» атты кең көлемде ұйымдастырылған кітап көрмесімен танысты. Сонымен қатар «Әнімен елін тербеткен сазгер» - слайды қорсетіліп, музыка зерттеушісінің қазақ әндерінің тарихын баяндайтын еңбектері «Балқадияш», «Зәуреш», «Молдабайдың әні» т.б. шығу тарихымен танысты.

Шара соңында вальс королі Шәмші Қалдаяқов: «Илья Жақановтың әндерінде қырғыз ағайындардың мұңды сарыны бар. Бірақ, онысы қазақтың шерлі әуендеріне жаңа мазмұн беріп, тек Ильяға тән әндер туады», - дегендей, сазгердің «Жайлау көл кештері», «Еділ мен Жайық» әндерін «әннің төресі» деп әнші Роза Бағланова бағалаған «Еділ мен Жайық» әндері шырқалды.

Өзінің білімі мен ақыл-ойын, күш-жігерін қазақ кесіби музыка, бейнелеу өнерінің дамуына арнаған сазгер Илья Жақанов туындыларын жастар арасында насихаттау алдағы уақытта жалғасын таба бермек.

Бағдагүл МАХАМБЕТАЛИЕВА



Ұрлық жасаған жоқ, қылмысы жоқ – баланың жазығы не? Бәрібір ар-ұят, намыс оны мұратына іліп әкеледі.

Не түсіндік?

Заман, қоғам, заң өзгереді, уақыт өтеді. Тек әділдік-шындық, адамның қадір-қасиеті, әдеп өлшемдері ғана қандай жағдайда да боюымен өз орнында қалады. Ұлы Отан соғысында жүзден астам қазақ халқының ұл қыздары Кеңестер Одағының Батыры атағына ие болды. Бейбіт өмірде Еңбек Ері атанып, шырайы шыққан есімдер қаншама! Омырауларында орден-медаль және жұлдыз жарқырағандар кімдер? Шығанақ Берсиев, Ыбырай Жақаев, Нұрмолда Алдабергенов, Жазылбек Қуанышбаев, Кәмшат Дөңентаева... Ғылымда, өнерде, спортта бағы жанып, ат-есімдері дүрілдеген «иегер», қайраткерлерден кім-кімдерді білеміз? Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Шахмардан Есенов. Тағы?

Сталиндік немесе мемлекеттік сыйлық иегерлерінен кім-кімнің ат-есімін білеміз? Күләш Байсейітова, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әзірбайжан Мәмбетов.

Кеңес Одағының халық әртісі /Күләш Байсейітова, Роза Бағланова, Ермек Серкебаев т.б./, Бүкілодақтық және республикалық Ленин комсомолы сыйлығының иегері /Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шаханов т.б./, Абай атындағы Республика мемлекеттік сыйлығының иегері... Ескерткіштер, ескерткіш тақталар. Халық қаһарманы, Халық мұғалімі, Қоғам қайраткері, Құрметті азамат, Құрметті шахтер, Ардагерлер үйі – бәрі-бәрі адам ардақтау, адам еңбегінің бағалануы.

Алайда, қазіргі қоғам тұлға бойында түк мін жоқ, жақсы дейміз бе? Дулат Исабеков қалай деп еді: «Біз дастарқан басында сұлу сөйлеуге әбден үйренгенбіз. Ал, өмірде...»

Дастарқан басында, расында да, біз қалай әдемі сөйлейміз. Ал, жан-жағымызға қарайықшы.

Мектептің қарсы алдындағы газет-журнал сататын дүңгіршекте тыр жалаңаш әйелдің суреті басылған басылмн ілүлі тұр. Көрмейін десең көзің бар. Не істейін, бетімді басып өте шығайын ба? Бағасы – 100 теңге. Сатып алдым. Неге? Ерсіні-қарсылы өтіп жатқан балалардың көзіне түсірмеу үшін және әшкерелеу үшін /«Сексуальный гороскоп», 2008, №2»/.

«Ауалардан, қоқыс жәшігінің айналасынан, ауыл-аймақ әжетханаларынан басылмалардың неше түрі көзімізге түседі. Әулие-әмбиелер дейміз бе, би, патша, батырлар, қоғам, мемлекет қайраткерлері дейміз бе – ол басылмаларда кімдердің ат-есімдері, кімдердің бейнелері жоқ?! Көрмейін десең көзің бар!

Парламент сайлауы кезінде шимайланған, жыртылған, табанмен тапталған қағаздардан аяқ алып жүргісіз. Ол неғылған қағаздар? Ол депутаттыққа кандидаттардың бейнелері басылып, бағдарламалары жазылған қағаздар. Бұндай сорақылықты көбіне балаларға жабамыз. Қате! Бұл тәртіпсіздікте «ашық аспан, мөлдір махаббат, мол бақыт» деп, дастарқан басында әлгі ағыл-тегіл тілек айтып, сұлу сөйлейтіндердің де қатысы жоқ емес. Дауыс бермесе бермесін – қоғамның мүшесі, ұлттың, халықтың денесінен шыққан азамат, біреудің жары, балаларының әкесі, анасы, беттерін шимайлап, табанмен таптайтындай олар сонда қайсысының әкесін өлтіріпті?» /«Әдеп әлемі» атты кітабымыздың кіріспе бөлімінен/.

Берік:- Жігіттер осы әйел деген не?
Құралбек:- Бәке, әйел деген не дейтін ол зат емес қой?
Берік:- А, иә әйел деген кім?
Бекбол:- Өз басым әйелдер туралы ештеңе айта алмаймын, ал мысалы еркек дегеніміз – төсек көрпе сияқты, әйелдер тонса жамылады, ыстықтаса бір теуіп лақтырып тастайды.

Мұхит:- Сен не айтып тұрсың, бүгін әйелдердің мерекесі, еркектерді айтпай қоя тұр, бүгін әйелдер туралы айтуымыз керек.

Берік:- Әйел деген театр сияқты, бірде комедия, бірде



трагедия, тамашалайсың.

Қура:- Әйел кинода сияқты, бірде мелодрама, бірде боевик, бірде «ужас».

Мұхит:- Әйел деген көшедегі аңқып жүрген маршрутный автобустар сияқты, айқайлап қол көтеріп тоқтатпасаң ешқашан тоқтамайды.

Бекбол:- Ал, еркек деген – ерме сияқты, кім көрінген әйелдің соңынан еріп жүре береді, жүре береді... Дегеннен де ат айналып қазығын табады, еркек айналып төсегін табады...

Құралбек:- Ту, еркектер туралы айтпа дедік қой.
Мұхит:- Әйел деген Ғай қызметкері де сияқты, оның ала таяғы – нан илейтін жуан оқтау. Еркек үйде от басының ережесін бұзса, бір айлық айып пұл төлейді немесе еркектік правасынан бір жола айырылады.

Құралбек: – Әйел деген шахмат ойыны да сияқты, жүрістен шатасып кетсең бірден саған «мат» қояды.

Берік: - Әйел деген қызып кеткен жигуилидің моторы сияқты, радиаторы қызса аузынан көбік шашады, мотордан май ағады.

Бекбол:- Еркек деген есек сияқты, жауыр болған ат сияқты. Ат баспаймын деген жерін үш басар, әйел жатпаймын деген төсегіне бес рет жатар.

Мұхит:- Ой, мынау қанды ішті ғой.

Құралбек: – Әйел деген жылан сияқты, қыз кезінде су жылан, әйел болғанда у жылан, қартайғанда қу жылан.

Мұхит: – Әйел деген радио мен теледидар сияқты күндіз шетелше ән айтады, түнде қазақша сайрайды. Таң атқанша маза бермейді.

Бекбол:- Ал, еркек деген...

Қура:- Ту, Бекбол, саған не болған? Проснись, бүгін әйелдердің мерекесі.

Берік:- Әйел деген өмір, әйел деген адамның өмірін жалғастыратын абзал жандар, Олай болса әжелеріміздің, аналарымыз мен апаларымыздың, қарындас пен қыздарымыздың мерекесі құтты болсын...

ҚЫЗБЕН ТАНЫСУ

(Сахнаға ауданнан байдың баласына қалыңдық іздеп келген кісі мен ауылдың адамы шығады)

Кісі:- Барлық елді мекенді араладық, байдың баласына қыз таппадық. Бүгін енді сіздердің ауылдарыңызға келіп тұрмыз.

Адам:- Хош келдіңіз, біздің ауылдан сіздің балаға жақсы қыз табылады.

Кісі:- Оны көреміз, біріақ байдың баласына ешкім ұнамайды. Бір жыл болды бармаған жер қалмады. Енді осы ауылдан табылып қалады деген үміт бар. /Байдың баласы шығады/.

Жігіт:- Мен келдім қыз қайда?

Кісі:- Қазір керемет қыз шығады пысық... /Бір қыз шығады/.

Жігіт:- Мощный, мынауский қыз ба?

Кісі:- Иә, иә...

Адам:- Қызды шақыра берейін бе?

Кісі:- Шақыр.

Адам:- Қазір шақырымын./ Жүгіріп кетеді. Қыз шығады/.

Жігіт:- Атың кім?

Гүлжапырақ:- Гүлжапырақ қыз.

Жігіт:- Атың тым ұзақ қой?

Гүлжапырақ:- Ұзақ болса гул дегенді алып тастап Жапыраққыз дерсіз.

Жігіт:- Майл руың қандай?

Қыз:- Рұым ба, жақайым...

Жігіт:- Қойш, мынау тормоз қыз ғой ұнамайды.

Кісі:- Қарындас сізді ұнамайды дейді бара беріңіз.

Гүлжапырақ:- Өзің тормоз /кетеді/.

Кісі:- Келесі кім бар?

Сая:- Саламатсыз ба?

Жігіт:- Амансыз, атыңыз кім?

Сая:- Сая.

Жігіт:- Атың өте тым қысқа ғой.

Сая:- Керек болса ұзартып аласыз ғой, Саягүл, Саяжан, Саябике деп...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН, ҚР Мәдениет қайраткері

ӘЙЕЛ ДЕГЕН КІМ?

Жігіт:- Қарындас уйінде интернат бар ма?

Сая:- Интернет па интернат па? /қыз күледі/.

Жігіт:- Неге күлесің? Ой, мына қыз да маған ұнамай қалды...

Кісі:- Туу, шаршадық сізде бара беріңіз, келесі, келесі /бір адам шығады/.

Адам:- Қыз бітті...

Кісі:- Ауылда басқа қыз жоқ па не?

Адам:- Жоқ, бәрі тұрмысқа ерте шығып кеткен жұмыс болмағасын.

Кісі:- Ертең ұят қой бұл үлкен жоғарыда отырған дөкейдің баласы, қалыңдық іздеп арнайы осы ауылға келіп отыр. Осы ауылдан бір қыз табылса жақсы болар еді.

Адам:- Енді қыз жоқ болса, кімді тауып беремін?

Кісі:- Онда өзің қыз боласың?

Адам:- Қой ей, жындысың ба?

Кісі:- Бәрі-бір бұған ешкім ұнамайды, ертең канша қыз таңдағаны туралы мен ауданға отчет беремін ұқтың ба, бар, бар...

Жігіт:- Сендер не сыбырласып жатсыңдар, ауылдарында түк қыз жоқ па не?

Кісі:- Ойбай бар, бар жолда үлгере алмай жатыр.

Жігіт:- Ырғызға бардым қыздары келтек, Шалқарға бардым таба алмадым, қыздары тентек, Байғанинге бардым қыздары жалтақ, Ойылға бардым қыздары талтақ.Түк қыз жоқ. Немене осы ауылда қыз құрып қалған ба?

Кісі:- Қазір келетін қыз Қазақстан емес, шет елдерде Мисс атанған сулу қыз. Королева красоти...

Жігіт:- Шын ба, қашан келеді?

Кісі:- Міне өзі де келді.../Қыздың киімін киіп манағы ауылдың адамы келеді/.

Жігіт:- Ооо, қарындас, атың кім?

Адам:- Гүля...

Жігіт:- Атың қанда керемет.

Кісі:- Керемет қыз, айттым ғой.

Адам:- Болды ма, кете берейін бе?

Жігіт.- Қайда кетесіз?

Адам:- Үйіме да, апам іздеп қалады.



Жігіт:- Сіз маған ұнап қалдыңыз.

Кісі:- Молодес, осы ауылдан әйтеуір бір қыз ұнады-ау, мен кетейін, жастар өздері қалсын.

Адам:- Әй, қайда бара жатырсың? Мынауыңның көзі біртүрлі ғой, адамға атылайын деп тұр.

Кісі:- Шыда, шамалы сөйлесе тұр. Мен басқа қыз тапқанша.../Кетеді/.

Жігіт:- Не болды, қайда қашып барасың, сен маған ұнап қалдың, мен сені алам.

Адам:- Тек ей, жындысың ба? Мені алуға болмайды.

Жігіт:- Неге?

Адам:- Болмайды, жігітім бар...

Жігіт:- Жоқ, қарындас, барлық қазақ жерін аралап ешкімді ұнатпап едім. Мен сізді бір көргеннен құлай сүйдім. Қазір папам хабарлап жіберейін. /Уялы телефонын алады/. Папа, мен күшті қазақы қыз таптым. Машина мен жеңгелерімді шақыра бер осында, не



қызба көнеді, уже маған сынып тұр ғой...

Адам:- Мына бейшара не дейді?

Жігіт:- Қарындас, еріңнен бір сүйейінші...

Адам:- Кет-ей, онда біттік, осы арада жарылыс болады.

Жігіт:- Қандай?

Адам:- Ток соғады, короткий замыкание болады. Айтпақшы.../құлағына бірдеңе деп сыбырлайды/.

Жігіт:- Не, түк түсінбедім?

Адам:- Мені қалай сүйесің, аузым сасық.

Жігіт:- Менің де аузым сасық.

Адам:- Мынау қоятын емесқой, мен түнде ұйықтап жатқанда ауызымнан су ағады...

Жігіт:- Ештеңе етпейді, менің де аузымнан су ағады... Амудария мен Сырдария боламыз.

Адам:- Онда түнде суға батып өлеміз. Көл болады.

Жігіт:- Сол көлдің үстінде қос аққудай мәңгі жүзіп жүрсек қой.

Адам:- Дәмесін қара, көлге екеуіміз жүзсек дейді. Бірден суға батып кетеміз онда.

Жігіт:- Папамдар келгенше ана бір таса жерге барайықшы.

Адам:- Онда неге барамыз, осы ара жақсы ғой.

Жігіт:- Бір құшақтайыншы құмарланып тұрып.

Адам:- Ту, қой деймін, мынауың шынымен адамды зорлап тастайтын түрі бар ғой.

Жігіт:- Жүріңізші қарындас, қорықпаңыз қаттыға бармаймын.

Адам:- Қоймадың ғой, жігітім. жүрсең жүрші... /екеуі кетеді/.

Папасы:- Балам қайда? Такош, әй, Такош... / Манаға кісі шығады/.

Кісі:- Жастар ана жақта ақылдасып келісіп жатыр.../Осы кезде бақырып Такош шығады/

Папасы:- Ау, қыз қайда?

Такош:- Қыыыыыз аааааандаааа /сақау болып қалады/ Бөөөөөжейй....

Папасы:- Қандай бөжей...

Жігіт:- Бөжей.../деп қаша жөнеледі, папасы тұра қуады/.

Жігіт:- Уф, құтылдым ба әйтеуір, енді қыз түглі қатынға да жоламайтын болған шығар...

ЕМХАНАДА

/Емхананың іші, дәрігер аруларды қабылдап жатыр/
Дәрігер:- Кіріңіз, қай жеріңіз сырқаттанып жүр.../Кемпір келеді. Жөтеледі/.

Кемпір:- Уф, бір тоқтамайтын жөтел, күндіз де жөтелемін, түнде де жөтелемін, тоқтамайды...

Дәрігер:- Жөтелсеңіз дәрі іштіңіз ба?

Кемпір:- Ішіп жатырмын, бәрін ішіп жатырмын... кетпейді /жөтеліп қояды/.

Дәрігер:- Тамаққа табетіңіз, апитетіңіз қалай?

Кемпір:- Ай, шырағым апитет қайдан болсын, танертең 7-8 кесе шай нанмен маймен, түсте бір табақ құырдақ, сосын

бестің шайы нан колбасасымен, сосын кешке екі тостаған лапша, жатарда екі тостаған айран, түнде оянып кетіп жатсам, 1 литр ішем, апитет жоқ шырағым...

Дәрігер:- Ееее, онда ұйқыңыз қалай?

Кемпір:- Ұйқы енді 3-ке дейін санаймын да ұйықтап кетемін.

Дәрігер:- Оооо, мынау 3-ке дейін санап ұйықтап кетсеңіз күшті ғой.

Кемпір:- Иә, кей күндері 4-5 ке дейін таң атқанша санап барып ұйықтаймын...

Дәрігер:- Ааа, таңғы 3 па айтып тұрғаның, мен 1-2-3 дегенде ұйықтап қалады ма деп ойласам...

Кемпір:- Қайдағы, уфф, тамақ ішем жөтелем жатамын...

Дәрігер:- Әже, мінекей мына қағазды алып, ренгенге түсіп келіңіз

Кемпір:- Ренгенге дейсің ба, жақсы түссем түсейін.../кетіп қалады/

Дәрігер:- Кезекпен кіріңдер, так сіз кім боласыз? /Баласын орап бір келіншек келеді/

Келіншек:- Саламатсыз ба?

Дәрігер:- Аты-жөніңіз кім?

Келіншек:- Қоянбаева.

Дәрігер:- Айналайын, Қоянбаева деген сен ба, ана өткенде лифтінің ішінде босанып қалған.

Келіншек:- Иә, мен, ағай, осы бала ғой.

Дәрігер:- Көкем-ау, енді есептеп жүрмейсіңдер ма, мына заманда лифтіде босанған деген не сұмдық?

Келіншек:- Енді ағай, келіп қалды, туа салдық.

Дәрігер:- Туа салдық дейді, бүйтіп жүріп адам өлтіріп аламыз, ана былтыр біреу тал түсте әкімнің қабылдау бөлмесінде отырып босанып қалыпты.

Келіншек:- Ойбай ағай, ол да мен ғой...

Дәрігер:- Массаған, ол да сен ба, не де болса құтты болсын, әкел қағазыңды деп қол қояды. /Келіншек кетеді/.

-Келесі кім? /манағы кемпір қайтып келеді/

Кемпір:- Айналайын, рахмет бала-шағаңның қызығын гөр.



Дәрігер:- Не болды әже, рангенге түстіңіз бе?

Кемпір:- Түстім айналайын, рахмет саған, бала-шағаңның қызығын көр айналайын...Ренген дегенін керемет екен...

Дәрігер:- Несі керемет?

Кемпір:- Қалай ренгенге түстім, жөтелім сап тыйылды.

Рахмет, айналайын (кетіп бара жатады/.

Дәрігер:- Тоқтаңыз, әже. Мен сізді әлі емдеген жоқпын, дәрі-дәрмек жазып берейін.

Кемпір:- Жоқ, керек емес, жазылып кеттім...

Дәрігер:- Түсінбедім...Қой кеш болды қайтайын...\

дей бергенде бір носилкамен ауру шалды көтеріп өтіп бара жатады/.

-Мынаны қайда апара жатсыңдар?

Медбрат:- Моркке апара жатырмыз...

Шап:- Әй, мен әлі тірмінім ғой, моркке неге апара жатсыңдар?

Дәрігер:- Әй, ата, моркке дейін әлі 15 минут бар. Бар, әкетіндер...

КҮЛКІНІҢ КӨЛІНЕ ШОМЫЛҒАН...

О бастан күлетін және күлдіретін болып жаратылғанымызға қуанамын. Мал сияқты маңырап жүре беретін, күлкінің құдіретін түсінбейтін болып жаратылсақ ше? Ештеңеге күлмейміз, күлдіре де алмаймыз... Сұмдық қой? Ондай жағдайда, сатириктер құмалақ ашып, әзіл-сықақ театрлары мүлде болмас та еді...

Құдайға шүкір, адамбыз, күлкі атаулыға адалмыз. Адам болған соң, арамызда күлкіні ту етіп ұстаған, сатираның садағын шірене тартқан сатириктеріміз де баршылық. Дегенмен, аз халықпыз. Ватикан мемлекеті сияқты. «Екінің бірі жемқор екен» демекші, екінің бірі сатирик емес. Оның сыры неде? Сатира –қиын жанр. Кім көрінгеннің «әләулайына» көне қоймайды. Сатирик болған соң, елге езу тартқызуың керек, ой тастап, той бастап, тіпті болмағанда кемшіліктерді әшкерелейтін 220 ваттық қауқарың болуы керек. Тісі тас сындыра алмайтын, әзілді әрең көтеріп, күлкінің көлеңкесінде жүретін сатириктер де бар екені жасырын емес. Біз әңгіме еткелі отырған жігіт ағасы – сатирик Нұрлыбек Жұбатқан ініміз ондайлардың қатарында қалғып тұрған жоқ, «сатирашылар, сапқа тұр!» деген дауысты ести сала, қарғып тұратын қабылеті қар ерітетін сатирик.

Нұрлыбек Жұбатқан – сатираның иісін алыстан сезетін сатира сарбазы. Шығармалары жылы жымитатын, ұйымдастырушылық қабілеті зор әзілкеш. Өзі де жымиып жүреді, жазғандары оқырмандарын да жымитып салдырады. Нұрлыбектің «Әкім айтып жатыр!» әзілін оқиық:

«Әкім айтады, бүй дейді, бір кесе қант берсін дейді,- деп қарап тұр.

-Ойбай-ау, апаң айтады емес пе? Әкімінің не айтып тұрған?-дедім танықпаң.

-Жоқ, қазір ауданның бәрі солай дейді,-деп, дік-дік етіп қояр емес.

Әйелім, әншейінде «жоқ» дейтін еді, әкім айтып жатыр дегесін, бір кесе емес, бес кесе қантты бірден бере салды. Үйдің арғы бетінде Қамысгүл деген кәсіпкер әйелдің екі жоғары оқу бітірген тәмпіш қызы бар еді. Оны да құдалар «әкім айтып жатыр» деп, алып кетті. Қамысгүл оқиымсты қызын бытыр Астанадан бір байдың баласына күдіптің қалыңында беріп еді. Қазір жақсы болды, «әкім айтып жатыр» деп, ала бересің, бере бересің...

Көшеде келе жатыр едім, алдымнан мекемеде бірге жасайтын Піштубай қарсы шықты.

-Бес мың теңге бар ма?

-Қарызға ма?

-Жоқ.

-Енді?

-Сол, бес мың теңге беріңіз, әкім айтып жатыр,-деді. Қалай бермейсің?

Автордың айтпағы айтпаса да түсінікті. «Әкім айтып жатыр!» деп жағымпаздана кететіндер рас қой, енді осы «вирус» жәй қарапайым

адамдарға да жұққандай ма? Еріксіз жимиясың. Кейде менің стиліме салып жазатыны да бар. Бұған қуанасың. Қуанбағанда ше, артыңда алып-ұшып шөкіртін келе жатса... Автордың «Бас» атты сатирасын оқып, бір маркайып қалдым. Жүрекке жылы тиетін юморлы диалогтары басым екен.

«—Жәй ма? Не жеп отырсыз?

—Бас.

—Кімнің басы?

«СЕКІРІП БОЛДЫҢДАР, ЕНДІ САЛЫҚ ТӨЛЕЙСІҢДЕР!»

-дейді салық органдары шоу-бизнес өкілдеріне



Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті мәдениет пен шоу бизнес өкілдері және асабаларды салық органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, табыстарынан салық төлеп, мүліктерін жариялауға шақыруда.

«Бизнесті жүргізуге және салық төлеушілерге ыңғайлы болу үшін 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап, Салық кодексіне бірқатар оңтайлы өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ, мүлікті жариялау мерзімі 2016 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзартылды. Бірақ, соған қарамастан салық төлеуден, мүлкін жария етуден жалтарып жүргендер бар. Бұл әсіресе әншіл, тойшыл және ойыншыл қауымның ішінде кеңінен өріс алып жатыр. Олар кімдер? Олар - мәдениет пен шоу бизнес өкілдері және асабалар», - делінген департаменттің хабарламасында.

Алматы қалалық мәдениет басқармасының берген мәліметтеріне сәйкес, өткен жылы кәсіпкерлікті мәдениет пен шоу бизнес саласы бойынша жүргізетін салық төлеушілердің қызметіне талдау жасалған. Солардың ішінде 163 салық төлеушінің 41-і ғана жеке кәсіпкер ретінде тіркелгендігі анықталды.

«Қымбат үйлер мен қымбат көліктерді, қымбат киімдерді пайдаланып, қымбат клиптер түсіріп жүрген белгілі өнер тарландарының салық төлемей, мүлкін жарияламай жүргені өкінішті. Мысалы, белгілі әнші Бүркіттің 2015 жылғы табысы (доллардың ескі бағамымен алғанда) 1 миллион АҚШ долларын құраған. Алайда ол жеке кәсіпкер ретінде салық органында тіркелмеген және өзі жасап жүрген шоу бизнесі бойынша мемлекетке бір тиын салық төлемеген. Бұған қоса, белгілі әншілер Асхат Тарғын (табысы

172,8 миллион теңге), Алишер Кәрімов (135 миллион теңге), Ділназ Ахмадиева (108 миллион теңге), Бақтияр Мамедов (90 миллион теңге), Әли Оқапов (54 миллион теңге), Жанар Дұғалова (45 миллион теңге) бар. Есімдері аталған өнер жұлдыздары қомақты табыс тапқандарына қарамастан, салық төлеуден бойларын аулақ салған» - делінген хабарламада.

Дегенмен, салық төлеуші жеке кәсіпкер ретінде тіркелген өнер жұлдыздары да бар екен. Олар - Луиза Қарынбаева мен Мақпал Исабекова. Алайда, тіркелгендерімен олар да салық төлеуден бас тартқан.

«Әншілердің қайсібірі филармонияда, театрда, «Қазақконцертте» немесе басқа бір мекемеде тіркелген. Тіпті, кейбіреуі ешбір жерде тіркелмеген. Айлық жалақылары төмен. Ал кейбіреуінде тапқан ақшасын дәлелдетіп ешбір құжат жоқ. Әлеуметтік төлемдер және зейнетақы қорына бір тиын түспеген. Ал тұрған үйі мен мінген көлігінің құны миллион долларға жуық немесе одан да асып түседі», - дейді департаменттегілер.

Сонымен, Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің хабарлауынша, қазіргі уақытта мәдениет және шоу бизнес өкілдерін салық органында тіркеу және салықты мәжбүрлі түрде декларациялау мәселелері қатаң қолға алынып жатыр. Алдағы уақытта продюсерлік қызмет, дыбыс жазу, клиптер түсіру сияқты қызмет саласы да салықтық бақылауға алынады. Оған қоса, ҚР Әкімшілік құқық бұзу кодексінің 275 бабына (Салық салу объектілерін және салықтық есептілікке жататын өзге де мүлікті жасыру) жаңа өзгерістер енгізілді. Онда жасырылған мүлік әшкере болған жағдайда салынатын айыппұл көлемі 250-ден 500 айлық есептік көрсеткішті (530 мыңнан 1 миллион 60 мыңға дейін) құрайтыны жазылған.

Не істеу керек? Мүлікті жариялау туралы Заң талаптары шеңберінде бәрін заңдастырған және салық төлеуші ретінде мемлекеттік кіріс органында тіркелген абзал. Осы орайда, жылжымалы мүлік пен қаржыны заңдастыру кезінде субъект барлық жауапкершіліктен (қылмыстық, әкімшілік, салықтық және тәртіптік) босатылады. Яғни, мүлікті жария етушінің өткен кемшіліктері мен салық төлеуден жалтарған әрекеттеріне ешқандай сұрау салынбайды. ҚР Қылмыстық кодексінің 48- бабының талаптары бойынша жария етілген мүлік тәркіленбейді.

Басқа біреулердің атына ресімделген жылжымайтын мүлкін тегін өз атына аударалады. Бұл үшін мемлекетке 10 пайыздық алым төленбейді. Қолдағы ақшаны банкке немесе Ұлттық пошта операторындағы есепшотқа салу арқылы жария еткен жағдайда да ешқандай алым алынбайды. Жауапкершілікке тартылмайды. Осы орайда, 10 пайыздық алым тек шетелдегі жылжымайтын мүлікті (оның ішінде басқа біреудің атына ресімделген), сонымен қатар, қолдағы ақшаны банкке салмай-ақ, декларативті түрде жария еткен жағдайда ғана алынады.

АҚСАҚАЛДАР ТҮРМЕДЕ КОНЦЕРТ ҚОЙДЫ



«ҚазАқпараттың» хабарлауынша, Өскемендегі 08-156/1 түзеу колониясында 70 жастағы ақсақалдардан құралған «Атамұра» ансамблінің өзгеше концерті ұйымдастырылды.

«10 адамнан тұратын «Атамұра» ансамблінің ерекшелігі, шығармашылық ұжым орта жасы 70-ті құрайтын кілең қадірменді ақсақалдардан құралған. Олардың бәрі Шығыс Қазақстан облысының тумалары. Жоғары білімді, мемлекеттік қызметте лауазымды тұлғалар болған.

10 жылдың ішінде ансамбль 80 концерт қойған, тіпті Ресейдің шекаралас аудандарында, сондай-ақ Моңғолияда да болып қайтқан», - деп атап өтті өз әңгімесінде ШҚО бойынша қылмыстық-атқару жүйесінің өкілі Арман Катанов.

Әлемдік тәжірибеде табыс көзі жағынан туризм мұнай мен газдан кейінгі орынды иемденеді. Өңір үшін де табыс көзі саналатындығы сондықтан. Шындығында бүгінгі таңда дамыған мемлекеттердің дені туризмнің арқасында өсіп-өркендеп келе жатқаны шындық. Елбасының өткен жылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы мен Ұлт жоспарында елімізде туризм инфрақұрылымын дамыту, бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру міндетін қойғаны баршамызға аян. Облыс әкімі Кәрім Көкірекбаев Ұлт жоспарының басым бағыттарының орындалу барысы туралы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен брифинг өткізгенде облыстық туристік әлеуетін көтеру мақсатында қолға алынған шараларға кеңінен тоқталған еді.

Облыс басшысының бастамасымен, облыстық кәсіпкерлер палатасының

тұратын «Ақыртас» сарай кешенін «Шеберлер ауылы», «Хан ордасы», «Құмтас кешені» және «Ақыртас ғимараты» бөліктерінен тұратын, VIII-XII ғасырларда салынған тылсымға толы нысан, өткен ғасырлардан сыр шертеді.

Сапардың екінші күні Шу ауданындағы Балуан Шолақ ескерткішіне тағзым етуден басталды. «Қорғаншы» мен «Баласағұн» қалашығына атбасын тіреген байзақтықтар Ұлы Жібек жолының тарихы да Баласағұн қаласымен тікелей байланысты екенін сезінді.

Гид-экскурсовод Торбековтің айтуынша, Баласағұн қаласы ұзақ жылдар бойы қараханидтер империясы батыс бөлігінің астанасы ретінде, Еуразия құрлығының аумағындағы аса ірі мәдени, ғылыми, рухани орталық болған.

ТАРАЗДЫҢ ТӨҢІРЕГІ ТҮНҒАН ТАРИХ



ұйытқы болуымен Жібек жолы бойына орналасқан Тараз қаласы мен аудандарда көптеген таңғажайып нысандар, тарихи, мәдени ескерткіштер мен көркем тау шатқалдарын, жалпы табиғат әлемін көзімен көріп, туризм саласының бүгінгі тынысын зерделейтін ақпараттық топ құрылып, жолға шықты.

Байзақ ауданынан жасақталған топтың құрамын аудан әкімі М.Шүкеев өзі бастап жүрді. Тұрсапар аудан аумағында орналасқан Ботамойнақ ауылдық округіне қарасты Қостөбе қалашығынан бастау алды.

– 2017 жылы елімізде өтетін «ЭКСПО» көрмесіне келген туристерді қабылдайтын үш облыстың бірі – Жамбыл облысы. Облысқа қарасты Байзақ өңірінде Темірбек ауылдық округіне қарасты Оххум, Түймекент, Тараз қаласынан 1,5 шақырым жерде орын тепкен төменгі Барысхан секілді қойнауы құпияға толы қалашықтар қатарына Қостөбе қалашығын да жатқызуға болады. Аудан аумағындағы бұл нысан «ЮНЕСКО»-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілген.

VI-XII ғасырлардағы көне қалаға алғаш рет А.Н.Бернштам, кейіннен К.М.Байпақов бастаған Қазақ КСР ҒА Тарих, археология және этнография институтының Тараз археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізгені белгілі. Қостөбе VI ғасырда қоныс аударған соғдылықтар негізін қалаған Жамұқат қаласының орны деген болжам бар. Қазба жұмыстары кезінде керамика ыдыстар, сүйектен жасалған бұйымдар табылған, – деді облыс бойынша туристік индустрияны дамыту ассоциациясының басшысы, «Сабтур» ЖШС-ның директоры Искендір Торбеков.

Бұдан соң топ Тараз қаласына бет алды. Алдымен «Тектурмас» кесенесіне, одан соң «Көне Тараз» музейі, «Қарахан» кесенесі, Дәуітбек (Шамансұр) кесенесі, «Қали Жүніс моншасы», облыстық тарихи-өлкетану музейі, Қазақ хандығының 550 жылдығы құрметіне бой көтерген монумент пен «Тараз-Арена» спорт кешенінде болып, шаһардың тарихымен тереңірек танысты. Әсіресе, Тараз қаласының орталығында орналасқан XI-XII ғасырларда салынған Қарахан кесенесі алыстан көз тартады. Қараханидтер әулетінің көрнекті тұлғасының бірі – Шах Махмұд Қараханға арналып салынған кесененің кіреберіс маңдайшасы «Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед Оның елшісі» деген Құран сөздерімен өрнектелген екен.

Әлемнің жеті кереметінің бірі саналатын «Ақыртас» ежелгі қалашығына түс ауа жеткен топ мүшелері сырын ішіне бүккен кешеннің құпиясына терең бойлап, әрбір тасты қолымен ұстап көрді. Көлемді төрт бөліктен

Шаһарда Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, тағы басқа көрнекті тұлғалар өмір сүріп, қызмет етті. Осы жерде Жүсіп Баласағұнның «Құдатұғ Билік» (даналық сөзі) атты аса құнды еңбегі жазылған. Баласағұн қаласынан археологтар 500 данадан астам мыс теңгелер көмбесін тапқан екен.

Қордай–Жамбыл облысының шығыс бөлігінде, Шу өзенінің солтүстік жағалауында орналасқан аудан. Жері негізінен таулы болып келетін аудан жерімен Шу өзенінің оң саласы саналатын Ырғайты, Қалғұты, Қарақоңыз, Қақпатаз (Қақпактас), Кіндіктас пен Жетіжолдан бастау алатын Жаманты, Иірсу, Өзынсү секілді бірнеше кішігірім өзендер ағады. Табиғаты сұлу да көркем Қордай жеріндегі Кенесары бабамыздың белгітасына тағзым еткен сон топ мүшелері ауданның көрікті жерлерін аралап, үшінші күні Жуалы ауданына бет алды.

«Жерің семіз, қарың мол, қадіріңді егін салған ел білер» деп баға берген екен Жуалы өңіріне келгенде Асан қайғы бабамыз. Жасыл шалғынға оранған көрікті де әсем өлкеде халқымыздың даңқты батыры Бауыржан Момышұлының кіндік қаны тамған. Батыр мұражайында болған байзақтықтар елінің бостандығы мен болашақ ұрпақтың жарқын болашағы үшін жауына оқ болып атылған Бауыржанның тағлымды өмір жолы мен әскери қызметі, ерлік жолдарымен танысты. Бұдан кейін «Теріс-Ащыбұлақ» су қоймасы, «Көксай», «Берікқара» шатқалдарында болды.

Берікқара – республикалық маңызы бар кешенді мемлекеттік табиғи қорық. Аумағы 17,5 мың гектар жерді алып жатыр. Қаратаудың Билікөл маңындағы өсімдіктер мен жануарлардың реликт және эндемик түрлері көп кездесетін өңірде орналасқан. Қорықшада сирек кездесетін «Семенов» үйеңкісі, «Сиверс» алмасы, «соғдиана» шағаны, «берікқара» терегі, «сарғалдақ», жалпы мұнда өсетін өсімдіктің 51 түрі қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізіліпті. Осында орын тепкен «Тау самалы» туристік орталығының директоры М. Лебаев туризмді дамыту бағытында қолға алған тілкітерімен бөлісті.

Әр жерін басып қалсаң «сөйлеп» кететін Талас ауданының аумағындағы «Тамды» қалашығында, Қаратау қаласындағы этномұзейде болған топ мүшелері ән мен күйдің сазына бөленді.

Гүлшаһар ӘБДІҚҰЛОВА



	Бөлім редакторлары: Әдебиет пен қоғам – Адайбек БЕЙІМБЕТОВ Мәдениет – Гүлжанат ШОНАБАЙ Өнер – Жанарбек БЕРІСТЕН Хореограф – Карина Джиренбаева Киім суретшісі – Назым Тоғжанова Сахна сайысы – Мақсат Рахмет Режиссердің ассистенті – Әсет Иманғалиев Биыл, У.Шекспирдің 400 жылдығы. Мәңгі махаббат бар жерде, мәңгі машақат бар. Әулет пен әулет, топ пен топ, тобыр мен тобырдың кесірінен қаншама махаббат құрбан болды. Бұл – ықылым заманнан бері келе жатқан ұлтқа бөлінбейтін адамзаттық ахуал. Шекспирдің «Ромео – Джульеттасы» да – солардың кебі... «...Бір сен үшін тудым...» - деп шырылдаған шындықты, көзбен көріңіз, ішпен біліп, көңілге түйіңіз!...	Меншікті тілшілер: Қажет АНДАС (Алматы облысы) Темірбек Мұхтаров (Атырау облысы) Байқал БАЙӘДІЛЛОВ (Ақмола облысы) Алтай АЙЫП (Қызылорда облысы) Нұржан СЕРІКХАНҰЛЫ (Жамбыл облысы) Ақмарал Әбдіқалық (Ақтөбе облысы)	Халықаралық тілшілер: Жүсіп ХЕСИМОВ (Түркіменстан) Әлімжан ӘШІМҰЛЫ (Қытай Халық Республикасы) Ақшағұл ТӨЛЕГЕНОВА (Өзбекстан Республикасы)	Аймақтағы өкілдер: Pikasso (Мәскеу) Аққали АХМЕТ (Атырау облысы) Әбілсейіт МҰХТАР (БҚО) Өркен ИСМАИЛ (Қызылорда облысы) Жауапты хатшы – Манас ҚАЙЫРТАЙҰЛЫ Корректор – Шолпан СЕРІКЖҰЗЫ	● Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 29 тамыз 2012 жылы тіркеуден өтіп, №12994-Г күйігі берілді. ● (Ағашы есетке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі № 10414-Г.10.10.2009 ж.) ● «Үш қоян» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. ● Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоян» қоғамдық қорының компьютер орталығында жасалып, Алматы қаласы, Ш.Жалдықов көшесі, 17-й «Әулір» ЖШС баспасханасында басылды. ● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қыздарымыз біздіктейді. ● Суреттердің сапасына редакция жауап береді. ● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты. ● «Үш қоян» газетінің жазылу индексі: 64311 ● Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.	Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143 Редакция телефондары: 8 (727) 972-75-55, +7 701 981 81 22 Талсырмас 283 Таралымы 140000 дана Обрестеткі басшысы, Көлемі – 2 баспа табақ e-mail: ushkonyr_gazeti@mail.ru
--	---	--	---	---	---	--